*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

ISSN 2410-5712

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың наурыз айынан бастап шығады

**7/2020** **ШІЛДЕ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.***

## МАЗМҰНЫ


***Тарих тағылымы***

**М. ЕСЕКЕШОВА.** Телжан Шонанұлының өмір жолы және педагогикалық идеясының қалыптасуы.....3

***Даналық ой мұхитында***

**К. ҚҰРМАНӘЛИЕВ.** Академик Ш.Сарыбаевтың мұрағаттық мұралары.....16

***Әдеби шолу***

**Қ.ҚАБДЕШОВА.** Жетісу халық ақындары жырларының көркемдік әлемі.....25

***Ұтымды ұсыныс***

**З. СОВЕТОВА.** Жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқытудың тиімділігі.....35

***Абай әлемі***

**А.МАХМУТОВА.** Әлемге танылған ұлы Абай.....44

***Ел боламын десең...***

**А.ИТЕМИРОВА.** Өнеге.....57

**Қ.ДҮРІМБАЕВА.** Тәрбие – тал бесіктен.....61

***Қазақ әдебиеті – озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Ш.Е. КАКЕНОВА.** Т.Айбергенов “Сағыныш” өлеңінің көркемдік ерекшелігі.....65

**П.С. АЛИМБЕКОВА.** Міржақып Дулатов “Бақытсыз Жамал” .....73

**Ж. Б. АБДИРОВА.** Ахмет Байтұрсынұлы “Егіннің бастары” мысалы. Әке өсиеті. Ахмет атаға хат.....81

**Б. Р. БАТЫРОВА.** Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлар.....90

**А. Ж. ИБЕТОВА.** Расул Ғамзатов “Ана тілі” өлеңі.....97

***Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Ұ.С.СЫЗДЫҚОВА.**Әлеммәдениеті.....109

**А. А. ҮБӘЙТЖАН.** Тарихи тұлғалар өмірі .....120

***Озық тәжірибе***

**Г. К. БИЖАНОВА.** Организация тестового контроля на уроках русского языка и литературы.....127

***Кітапхана тынысы***

**Б. КОШАБАЕВА.** Онлайн режиміндегі кітапхана.....139




**М. ЕСЕКЕШОВА,**
**С. Сейфуллин атындағы**
**Қазақ агротехникалық**
**университеті «Кәсіптік білім беру»**
**кафедрасының меңгерушісі,**
**педагогика ғылымдарының**
**кандидаты, доцент.**

# ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

***Аңдатпа:***

*Мақалада Т.Шонанұлының өмір жолы, ағартушылық қызметі жайлы айтылады.*

***Түйін сөздер:***

*ғалым-әдіскер, педагог, ағартушылық.*

***Summary:***

*The article tells about the life and educational activities of T.Shonanuly.*

***Key words:***

*scientist-Methodist, teacher, educator.*

Т. Шонанұлының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы, педагогикалық идеяларының қалыптасуы және оның әлеуметтік педагогика мәселелеріне байланысты айтқан түйінді, байыпты ой-пікірлерінен танымдық, тәлімдік ғибраттың маңыздылығы зор екендігін байқаймыз.

Ғалым-әдіскердің идеялары мен ғылыми-зерттеу

еңбектері, онда қозғаған мәселелері ғылыми-әдістемелік ойдың дүниежүзілік тарихи қозғалысының жалпы траекториясының бір ғана мезеті екенін ұмытпағанымыз жөн. ***Сол қозғалыс траекториясы үзілмес үшін қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының дамуына, жетіле түсуіне айрықша үлес қосқан ғалымдардың мұраларын зерттеу – уақыт қажеттігі.*** Алдыңғы қатарлы ғалым-әдіскердің көзқарастары, ғылыми тұжырымдары тек қана қызығушылықтан емес, қайта олардың қалдырған озық әдістемелік парадигмаларын қазіргі уақыт тұрғысынан бағалауға, түсінуге мүмкіндік береді.

*«Өз елі өз ерлерін ескермесе,*

*Ел тегі қайдан алсын кемеңгерді»* – деген қазақтың құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтың осы бір жыр шумақтары – сталиндік-тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ зиялыларын түгендеп, олардың өзінің тарихи тұғырына тұрғызу – олардың ғылыми әдеби шығармаларын халыққа жеткізу – елдік, адамгершілік парызымыздың бірі екенін ескерткендей [1]. Осындай ***«Елеусіз қалған есіл ерлердің» бірі небәрі 43 жыл ғана өмір сүрген көрнекті ғалым, асыл азамат Телжан Шонанұлы – қазақтың зиялы қауымының алғашқы қарлығаштарының бірі еді.*** Ол халқымыздың біртуар аяулы ұлдары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты қазақ зиялыларының замандасы болды. Солармен тізе қоса отырып, еліміздің болашағы, мәдениеті, әдебиеті, ғылымы үшін бар талант-жігерін жұмсады.

Өз елінің азаттығы мен бостандығы, тілі мен діні,



өнері мен әдебиеті, тарихы мен өркениетінің дамуы үшін бар күш-жігерін аямай жұмсаған халқымыздың аяулы ұлдары, мемлекетіміздің ірі қайраткерлері өз халқының рухын оятуға ұмтылды, ұлттың өзін-өзі билеу құқығына қол жеткізу үшін бар күш-жігері мен білімін аянбай сарқа жұмсады. Сан ғасырлар бойы жарыққа ұмтылған, отарлық езгіде болған халықтың көкірек көзін ашуға талпынып, қазақ даласына бірлігі мен ынтымағы мол, берекелі де мерекелі қоғам орнатуға талпыныс жасады. ***Ал дербес жаңа сипаттағы мемлекеттің жас өскін тамырының діңгегі берік болуы, ең алдымен, тек оның өзіне тән ішкі құрылымына ана тіліне, төл әдебиетіне, өзіндік мазмұнды мәдениетіне тікелей байланысты еді.*** Осы мақсатта тұңғыш қазақ зиялылар шоғыры мәдениет пен әдебиеттің, сауат ашу мен тіл дамуының отандық нұсқасын қалыптастырып, оны ілгері дамыту мақсатында барынша тізе қосып күш жұмылдырды.

Телжан Шонанұлы – өз заманындағы ғылым мен білім, оқу-ағарту, әдебиет пен тіл майданында еңбек етіп, көш бастаушылардың да бірі болды.

Тағдыр халқымыздың осы асыл ойлы саналы да салиқалы перзенттері маңдайына қоғамдағы үлкен саяси тұрғыдағы зобалаңдардың жазықсыз құрбандары болуды жазыпты. Тарих шындығы әлі де болса толық ашылып, елін, халқын сүйген, қан төккендер есіміне ел толық қанықты деп айтуға әлі де болса ертерек. Еліміздің, қоғамымыздың тарихында алтын көмбе сияқты тот баспастан қалтарыста жатқан, ақтаңдақтармен бүркемеленген сом алтындай шынайы құбылыстардың бары ақиқат. Көк байрағы көгінде желбіреп, әлем

назарын аударған, тәуелсіздік арайы әр таңын шұғылаға кенелткен егеменді еліміздің қоғамдық тіршілігінде оң өзгерістер күн сайын құлашын кеңге жаюда. Ғасырлар қойнауында жатқан рухани асыл мұраларымызға деген ұрпақтың қажеттілігі артып, халқымыздың өткен өмір белестері жаңаша саяси тұрғыда сұрыпталуда. Халқымыздың өткен тарихы парақтарында, халық бостандығы үшін күресіп, оның рухын оятуға ұмтылған аяулы перзенттер, зиялыларымыздың тарихи тұлғалары да асқақтап, биіктен қарап тұрғандай. Әрбір елі үшін еңіреп өткен есіл ерлердің мақсат мүддесі, іс-әрекеті, қоғамның жұмыстарын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеу бағытында бірқатар шаралар қолға алынуда.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты етіп, Қазақстандағы оқу-ағарту мен ғылымның талантты ұйымдастырушыларының бірі саналатын, аяулы қазақ зиялысы Т.Шонанұлының соңында қалған мол мұрасын бүгінгі күн талабы өресінен жан-жақты талдап, оның жарқын есімін бүгінгі жас ұрпақ санасында қайта жаңғыртуды алып отырмыз.

Т. Шонанұлының ой-өрісінің өзі жанындай сүйген байтақ даласындай кеңдігі, дүниетанымының асқақтығы, өзі өмір сүрген ортадағы саяси әлеуметтік және қоғамдық жағдайларға орай қалыптасуы – талас тудырмайтын мәселе. Сондықтан халық перзенті Т. Шонанұлының табиғи және азаматтық бейнесін, өз халқы алдындағы баға жетпес ерен еңбегін, бай педагогикалық әрі саяси ұстанымдар негізінде жазылған ақиқатқа толы мұраларын толық түсіну үшін оны түбегейлі зерттеу, заңды бағалану осы мәселелерді жан-жақты зерттеуді және ғылыми тұрғыдан жүйелеуді



талап етеді.

ХХ ғасырдың басы қазақ даласы отарлау саясатының құрбаны ретінде, қасірет аясында, білімі мен мәдениеті ғылымы мен өркениеті дамудан кенже қалып, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі жарқырап көзге ұрмай, жалпы халықтың тәуелсіздігі мен дербестігі күмән келтіретіндей шиеленіскен саясат тасқыны ұрып тұрған, күйзеліске толы шақпен тұстас келген еді.

Халқымыздың атадан балаға мирас мұра ретінде қалыптасқан дәстүрлі шежіресі мен дәстүрлі мәдениеті өмір сүру, тіршілік етудің қалыптасқан салты мен мазмұны аяққа тапталып, тілі мен ұлттың санасына да жоғалу қаупі төніп тұрды. Отаршылық жүйенің заңсыз басқыншылық саясаты ел жігерін құм етті, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы сын көтермейтіндей күйге жетті. Салықтар мен алымдар ел еңсесін көтертпеді. Қазақ халқы әлеуметтік экономикалық шырмау бұғауына түсіп, төл болмысынан, алтын арқау табиғи күйінен алыстап бара жатты. Жер байлығы, жер қойнауындағы асыл қазыналар шет жұрттардан келген оңай олжа іздеген келімсектердің қанжығасында кетті, қазақ топырағындағы бағалы кеніштер мен кен орындары оңай шикізат қорлары ретінде бағаланып жатты. Орыстандыру саясаты өзінің шырқау шегіне жетіп тұрды.

Патша өкіметінің отаршыл әкімдері қазақ даласын өз меншігіндей көріп, ойға алған мақсаттарын жүзеге асырды. *«Орыс мектептерін ашуды жолға қою керек»* – деген ашық мәселелер айтыла бастады. Саяси мәселе ретінде қолға алынған осы бағыттағы әрекеттер елдің

ашу ызасын келтіріп, ішкі қоғамдық саяси дағдарыстар, ширыға бастады [2].

Ресейдегі озық ойлы саналы демократияшыл қайраткерлер саяси отарлауға наразылықтарын ашық түрде білдіріп, түрлі ағымдағы қозғалыстар белең алып, құнарлы топырақта тамырын жая бастады.

Осы тамырдан нәр алған, ішкі серпіні шыңдалған халықтың асыл ұлдары өз халқының азаттығы мен бостандығы үшін бел буып, белсенді қоғамдық саяси күресте тәжірибе жинақтап, шыңдала түсті. Осындай асыл туған дарабоз боздақтарымыздың бірі – ***Телжан Шонанұлы болатын.***

Т. Шонанұлы – қазақ ғылымы мен мәдениетіндегі ұмыт бола бастаған дара тұлға. Оның ғылым саласындағы қалдырған мұралары, әсіресе ағарту саласындағы қызметтері – ел үшін туған азаматтық адамдық келбетінің жарқын көріністері.

Т. Шонанұлының қай саладағы еңбегінен болмасын, қазақ халқының бір сүйем жері үшін, бір тамшы суы үшін тебіренген жан толғанысын, жан дауысын, елі мен жерге деген ұшан-теңіз махаббатын сезініп, алып жүрегінің нәзік иірімдеріне еріксіз бас иесіз.

Т. Шонанұлының елді сауаттандыру саласында қалдырған ағартушылық еңбегі, күні бүгінге дейін мәнін, мағынасын жоймаған еңбектер, тек тасада ел игілігіне жаратылмай қала берген.

Т. Шонанұлы еңбектері тәлім-тәрбиелік идеялар мен ұлттық құндылықтарды сақтауда, оны дамытуға өзіндік үлесін қосқандығы сөзсіз.

Халқымызда асыл ой-маржандары, тәлім үлгілері түрлі тағдыр тәлкегіне байланысты объективті



себептермен ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде жеткізіліп келген. Міне, сондай нақылдардың бірі «Алтынды тот баспайды» деген сөз маржаны Телжан Шонанұлының ұмытылып, ұсынылып отырған рухани мұралары хақында айтылғандай.

Рухани мәдениетімізді жаңғырту Т. Шонанұлының тәлім-тәрбие саласындағы өзіндік орнын айқындау оның шығармашылығын саралап, бүгінгі ұрпаққа жеткізу басты мақсат.

Т. Шонанұлы идеяларының беті тарих көмбелер арасында кезінде уақытша көмескіленіп қалғанымен заман сұранысына қарай, қайта ашылып, төңірекке нұры шашылуда. Осы асыл қазынаны ел игілігіне тиімді жарату, төкпей-шашпай ел ырысына айналдыру – бүгінгі ұрпақтың аға алдындағы абыройлы міндеттерінің бірі болса керек. Тұтас буынның төл басы кешегі Шоқан, Ыбырай, Абай салған ағартушылық демократиялық бағытты жалғастырушы ірі ғалым, тіл маманы әдебиетші, тарихшы, дарынды педагог, әдіскер-ғалым Телжан Шонанұлы (Телжан Шонанұлының өмірбаянында көрсетуінше Торғай облысы, Ырғыз уезі, Аманкөл болысы, 4 - ауылы), ал, қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ұзақбай Құлымбетов атындағы кеңшарда 1894 жылы, 17 желтоқсанда дүниеге келген [3-6].

Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп, толықтырады. Ол 1908-1912 жылдары Ырғыздағы екі кластық орыс-қазақ училищесін өте жақсы бағамен оқып бітірген. Мұнда христиан діні, орыс тілі, орыс тарихы, арифметика

мен геометрия, география, жаратылыстану, ән т.б. пәндерінен мағлұмат алады. Одан соң 1912 жылы Орынбор (қазақ) қырғыз мұғалімдер институтына қазына есебінен оқуға түседі. Сондықтан институтты бітіргеннен кейін алты жыл қазақ бастауыш мектебінде (орыс тілінде) жұмыс істеуге міндеттеледі. Өйтпегенде қазынаға оқуға жұмсалған сексен сом қаржыны қайтаруға мәжбүр болар еді, мұғалімдер институтын төрт жылдан кейін, 1916 жылы жазда мынадай бағамен тәмамдайды:

***Орынбурский учебный округ.***

***Свидетельство.***

*«Предъявитель сего, сын киргиза Телжан Шонанұлы вероисповеданния мегометанского, родившихся 17 декабря 1894 года, обучался в Оренбурской Киргизской учительской школе на Тургайский счет с 10 августа 1912 года по 21 мая 1916 года и окончил полный курс, положиенных уставом учебных предметов.*

*Во все времена учения было поведение отличного и в преподаваемых предметах оказал успехи.*

| | |
|---|---|
| *В закон божий* | *4* |
| *Русском языке* | *5* |
| *Педагогике* | *5* |
| *Арифметике* | *5* |
| *Алгебре* | *5* |
| *Геометрие* | *5* |
| *Географие* | *5* |
| *Русской истории* | *5* |
| *Естествознание* | *5* |
| *Гигиена с кратким курсом практической медицины* | *5* |



| | |
|---|---|
| *Магометанском вероучение* | *5* |
| *Чистописание и рисование* | *5* |
| *Киргизском языке* | *5* |
| *Практических занятиях в преподавание* | *4* |

*Кроме того, обучался гимнастике, ручному труду и пению:*

| | |
|---|---|
| *Гимнастике* | *5* |
| *Пение* | *4* |
| *Руч.труде* | *4* |

*Окончив полный курс обучения в учительской школе, он Шонанұлы на основании п.II. Высочайшего повышения от 27 ноября 1880 г., учреждении Киргизской учительской школы и на основании ст.27.*

*Высочайше учрежденного 27 марта 1872 году положения о татарских учительских школах в городах Уфе и Семферополе, примененного Киргизской школе, удостоен Педогогическим Советом этой школы звания учителя начального училища [7].*

Телжан Шонанұлы негізінен училищеде оқылатын пәндер бойынша білім алып, мұсылман дінінде оқиды. Кейін ол 1920 жылға дейін көп уақыт Тоқырауын болысы үшін ауылда Қасым Әбдіхановтың мектебінде мұғалім болып істейді. Сол жылы, губревком оны мобилизацияланған интеллегент ретінде Семейге жібереді, ревком бөлімшесінде аудармашы болып бір ай істегеннен кейін, өзі сұранып, мұғалімдігіне қайта оралады. Қазақ халқының тарихында Телжан Шонанұлы ұстаз болған уақыт нағыз білімге ден қойылған, білімді, іскер ағартушылық қызметтегі адамдарға деген ел сұранысы, ізденіс шегіне жетіп тұрған кез болатын. Осы уақытта мансап, дәреже қуып

кетпей, сүйікті халқыммен қоян – қолтық араласатын, рахаты мен азабы, қызығы мен қиындығы қатар ұстаздық мамандығына ден қоюы да Телжанның ел игілігіне қызмет етуді мақсат тұтқандығын көрсетеді.

Т. Шонанұлы – Ахмет Байтұрсынұлы сияқты өз ортасынан ізденіс пен дарындылықты тең ұстап, суырылып шыққан тума талант иелерінің бірі. Ол 1926-1928 жылдары Қызылордада, 1929 жылы ҚазақАКСР Оку халық комиссияриатында қызмет атқарады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының әдеби-лингвистикалық факультетіне өздігінше (экстернді түрде) емтихан тапсырып, диплом алады. Кейін ол 1935 жылы 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті ашылған күннен бастап қазақ тілінен доцент болып жұмыс істейді.

Бұл жылдары институтты еліміздің оқу-ағарту саласындағы қайраткерлігі мен ел есінде қалған, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған ғылыми педагогикалық мұралардың иесі, аса дарынды қазақ ұлы, ғалым-профессор Санжар Жапарұлы Аспандияров басқаратын еді, ал институттың екінші басшысы Х. Досмұхамедов болатын. Осы зиялылар бірлесе қызмет жасап, алғашқы жоғарғы оқу орындарының қара шаңырағы ретінде бағаланатын Қазақ  мемлекеттік университетінің мерейін асқақтату, абыройын аспандату жолында аянбай күш салды [8,  2б].

Жас оқу орнының аз уақыт ішінде атағы жайылып, мәртебесі биіктеуі осы басшы-азаматтардың қажыр-қайраты, білімі мен білігі, төзімділігіне тікелей байланысты болатын. Т.Шонанұлының осы қауымға етене араласып, қазақ елінің  болашағы жастарға білім беруде тынбай қызмет етіп, оларға ғылым жолындағы қамқоршы, жаңашыр бола білді. А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов тағы да басқа сынды асыл туған текті ұлдармен бірлесіп тізе қоса отырып, Қазақстандағы ағарту, жоғарғы  білім беру мен ғылым салаларының қалыптасып, іргесі нығаюына барынша үлесін қосты. 1925 жылы 15 қаңтарда Қазақ педагогикалық институтының бес жылдығына арналған рәсім өткізіліп, сол жиында Қазақстанның Орталық Атқару комитеті өзінің арнайы қаулысымен ұлттық кадрлар дайындаудағы алдыңғы орындағы осы жоғары оқу орнының қызметі ерекше аталып өтті. Партия мен үкімет басшылары қатысқан институт залындағы жиында С. Сәдуақасов, І.  Жансүгіров құттықтау сөз сөйледі. Жиында пединституттың беделді ұстаздарына сыйлықтар берілді. Олардың есімдері орталық баспасөзде жарияланды. Олар мыналар: Қ.Жұбанов, О.Әлжанов, М.Жолдыбаев, тағы да басқа. Бұлардың көбінің мұның ішінде Т.Шонанұлының тағдыры көп ұзамай тәлкекке ұшырады. Еңбектері еш болып, ел есіненде шыға бастады. [9-16].

Репрессия жылдарында үстемдік еткен тоталитарлық жүйе ұлтымыздың бетке ұстар арыстарын жазықсыз жазалап, енді ғана ел еңсесінің көтерілуіне себепші болып келе жатырған, ай мен күндей сәулелі шоғыр боп жарығын шашқан зиялы қауымнан ажыратты, олармен бірге өнегелі де, өрелі ұлттық болмысымыздың саналы күнгейі де көмескілене бастады.

Алайда тәуелсіздігімізді әлем таныған тұста, өткен тарихымызды ой елегінен өткізіп алмастай жарқыраған естен кетпес естелік деректерді шындық тұрғыдан

зерттеп-зерделеуге жол ашылып, мүмкіндіктер туды. Осыған байланысты зиялылар шоғырының асыл мұралары, мол құнды зерттеу еңбектері, бастауы тұнық, ел қамын, жер қамын ашына жазған тартынбай ашып айтқан жарқын да, өткір жазбалары бүгінгі таңда еліміздегі педагогика тарихын зерттеуге қалам тартқан ұрпақ үшін теңдесі жоқ құнды деректер екені анық.

Ырғыз – киелі топырақ, кәусар бұлақ, халқына тамаша перзенттерді сыйға тартқан мекен. Ырғыз-Торғай өлкесі небір тарихтарға қойнауы толы ырысты мекен. Төскейі малға құт, берекелі, талай шежіреге арқау болған өлкенің өткен тарихтарын парақтап отырсаң, ер етігімен су кешкен қилы замандарда азаттық жолындағы көтерілістер, шайқастар да болған, батыр да, ақын да, ғалым да, қайраткер де табан тіреп, қияға қанат қаққан құт мекен. Кезінде ірге тасы Ы. Алтынсариннің басшылығымен қаланған мектепте осы жерде еді [17].

Осы мектеп түлектері қатарында Т. Жүргенов, Т. Жаманмұрынов тағы да басқа болды. Көгі мол, жері шырайлы ырғыз өлкесінің арғы-бергі тарихына қалам тартқан, осы өлке перзенттерінің бірі қазақтың белгілі жазушысы, қаламгер Өтебей Қанахин Ырғыздағы ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қалам тербеген еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Құдиярова А. Педагогические взгляды Ш.Құдайбердыұлы. Автореф.дисс...к.п.н.. – Алматы, 1994. – 120 с.
2. Шонанов Т. Ленинград мектептері// Жаңа мектеп, 1926. – № 9-10.
3. Васильев А.В. Букварь для киргизов. – Казань, 1912.
4. Шонанов Т. Тіл заңын бұзбау керек//Еңбекші қазақ, 1926. № – 9.
5. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. – Кызылорда, 1927.
6. Шонанов Т. Емле кеңесінің қорытындысы//Жаңа мектеп, 1930. – №14.
7. Шонанов Т. Өз бетінше оқып, білім алу жайында// Қызыл Қазақстан, 1923. –№23, 24.
8. Храпченко Г.М. Научно-педагогические вопросы народного образования в Казахстане. – Алма-Ата, 1976. – 117 с.
9. Шонанов Т. Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы. – Қызылорда, 1930. – 41 б.
10. Шонанов Т. Орыстар үшін қазақша әліппе// Жаңа мектеп, 1929. – №10.
11. Шонанов Т. Орыстар үшін қазақша әліппе. – Алматы, 1931. – 88 б.
12. Қазақстан Республикасы Тіл туралы Заңы.// Ақтөбе, 1997. – №11.
13. Әйкенов М. Олар нағыз интеллигенттер еді. – Алматы, 1989.
14. Шонанов Т. Сын: тәрбиеге жетекші//Еңбекші қазақ, 1925. – №3.
15. Шонанов Т. Жаңа программаларды іске асыру// Жаңа мектеп, 1926. – № 11-12.
16. Шонанов Т. Тіл білдіру емес, тіл бүлдіру// Жаңа мектеп, 1930. – №19.
17. Шонанов Т. Латын әліппесі туралы// Еңбекші қазақ, 1926. – №84.

**К. ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**
**Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті,**
**ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,**
**филол. ғ. д., профессор.**

# АКАДЕМИК Ш. САРЫБАЕВТЫҢ МҰРАҒАТТЫҚ МҰРАЛАРЫ

Тәуелсіз еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына ерекше үлес қосқан, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге аянбай еңбек еткен белгілі түрколог-ғалым, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шора Сарыбаев бұл күндері 95 жасқа толар еді. . .

Ғалыммен қоштасуға арналған қаралы митингіде Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұрат Жұрынұлы: *«Қазақстан ғылымы тағы бір көрнекті ғалымынан айырылды. Отандық ғылымды дамытуда өзіндік орны бар, тіл білімінің тарланы дүниеден озды. Келешек ұрпаққа өлшеусіз еңбек қалдырған Шора Шамғалиұлының туған тілге қылған қызметі бәрімізге үлгі болып қала береді. . . »,* – деп еді.

Үлгі демекші, көзі тірісінің өзінде ғылыми ортада зор беделге ие болып, талай ғылым-қайраткерлерінің оң пікіріне ие болған еді. Мәселен, ҰҒА академиктері, көрнекті тілші-ғалымдар Ә. Қайдар мен Ө. Айтбайұлы өздерінің ***«Өнегелі өмірдің өрелі биіктері» атты мақаласында*** Шора Шамғалиұлының есімі бүгінде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ТМД елдерінде де, тіпті көптеген шет мемлекеттерінде де әйгілі екенін айта келіп, *«Оның басты себептері, **біріншіден,** ғалымның жеке басына тән қасиеттеріне – ғылымға деген адалдығына, жауапкершілігіне, принципшілдігіне, еңбексүйгіштігіне, т. б. қасиеттеріне байланысты болса, **екіншіден,** зерттеу жұмыстарының жан-жақты жүргізілуіне, ауқымдылығы мен ғылыми-практикалық тиімділігіне, актуалдылығына байланысты деп қараған жөн»* деп, ғалымның еңбегін үлгі еткенін ұмыта қойған жоқпыз.

Көрнекті ғалым, академик Р. Сыздықтың ***«Біз үшеу едік» атты мақаласында*** және атақты тілші-ғалымдар Т. Жанұзақов пен О. Нақысбеков дайындаған ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған қысқаша очеркте ғалымның ғылымдағы ғибратты ғұмырының мәнін көрсетіп, тұлғалық келбетін сомдаған.

Бұл – ғалымның қаламынан шыққан 300-ге жуық ғылыми мақалалар, монографиялық еңбектер, оқулықтар мен сөздіктер, нақтылай айтсақ, қазақ тіл тарихы, диалектология, лексикология, лексикография, грамматика, этимология, терминология т. б. қазақ тіл білімінің өзекті салаларына арналған еңбектеріне берген баға деп түсінген жөн шығар.

Еліміздің шалғай жерін мекендеген тұрғындар тілінен және Қазақстаннан тыс жердегі қазақ тілінің мол байлығын, жергілікті қазынасын танып білу мақсатында талай жылдар диалектологиялық экспедиция ұйымдастыру нәтижесінде жиналған диалектілік материалдар негізінде терең зерттеулер жүргізіп, тың жаңалықтарды ғылымға енгізді.

Ерекше еңбегі ретінде, ***алтаистика мәселелеріне*** мән бергенін айтуымыз керек. Өйткені, қазақ тіл білімінде түркі және моңғол тілдерінің туыстық төркінін салыстыра зерттеген аз тілшілердің арасында оның атының айтылуының да жөні бар. ***«Диалектілік-лексика ұлт мәдениетінің дәйекті дерек көзі ретінде» деген мақаласында*** белгілі лексиколог-ғалым, профессор Ж. Манкеева: *«...Тіл тарихы мен диалектология мәселелерін сабақтас қарау дәстүрін қарастырған, көшпелі тұрмысы мен мәдениет ұқсастығы негізінде қалыптасқан тілдік ортақтықты қазақ-моңғол туыстығы деп қараған, диалектілік-лексиканы әдеби тілді байытудың қайнар көздері деп санаған көрнекті диалектолог-лексиколог ғалым Ш. Сарыбаевтың бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар, аудармалар және терминдер туралы ой-тұжырымдарын тілге деген науқандық сипаттағы жай қызығушылық, әуестік деп түсінуге болмайды. Біздің ойымызша, оның тамыры жоғарыда көрсетілген ғалымның ғылыми-зерттеушілік мұрасы мен теориялық-әдістанымдық қағидаларымен сабақтасып жатқан, ішкі даму болмысын көрсететін идеяларымен сабақтасады»* дей келе, диалектілік-лексиканы тіл тарихы мен ұлт мәдениетін жан-жақты бейнелейтін кәсіби және аймақтық лексикамен тығыз байланыста зерттеуші ғалым екендігіне ерекше тоқталған.

Фонолог-ғалым, ҰҒА корреспондент мүшесі, профессор З. Базарбаева ***«Академик Шора Сарыбаевтың еңбектеріндегі интонация мәселелері» атты зерттеу нысанасы етіп алған мақаласында*** ғалымның қазақ тіліндегі одағайлар туралы монографиясын жоғары бағалап: *«...Жарты ғасыр бұрын жазылған еңбегі соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан интонология саласының өзекті проблемаларымен ұштасып, қазақ тілінің интонация теориясының аясын кеңейтуге үлес қосатынына сенеміз»,* – дейді.

***Ғалымның ерекше еңбектеніп, қажырлы еңбегін жұмсаған саласы — қазақ тіл білімінің тарихы.*** Тіл білімі саласындағы бай мұраны жинақтап, ғылыми жүйеге келтіре отырып, ***«Қазақ тіл білімінің библиографиялық көрсеткішін» әзірлегенін,*** әрі осы көрсеткішті шығарған кезде А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, Қ. Досмұхаммедұлы, Т. Шонанұлы т. б. арыстардың жүз қырықтан астам еңбегі еңгізілгені үшін бұл кітаптың пышақтың астында туралып кеткені және сол кездің солақай саясатына сәйкес, саяси қате жіберді делініп, қызметтен қуылғанын аға буын өкілдері жақсы біледі. Ғалымның басынан өткен қиыншылықтарына қарамастан ғылымнан қол үзбей, жемісті қызмет еткенін келешек ұрпаққа үлгі еткеніміз артық болмас. Танымал ғалым, профессор Т. Сайрамбаев Шөкеңнің ***«Библиографиялық көрсеткіші — қазақ тіл білімінің айнасы»*** деп бағалауының мәні зор.

Белгілі лексикограф-ғалым, профессор М. Малбақов академик Ш. Сарыбаевты қазақ аймақтық лексикографиясын теориялық тұрғыдан зерттеудің негізін салушы ғалым екенін айта келіп: *«Жалпы қазақ тіл білімінің, қазақ диалектологиясының дамуына зор үлес қосумен бірге, күллі түркі лексикографиясында*

*алғашқылардың бірі болып, диалектологиялық сөздік түзудің теориялық және құрылымдық негіздерін жасаған ғалым»* екеніне назар аудартады.

***Ғылым жолында жүрген жастар үшін үлгі ретінде тіл білімінің білгірлері, айтулы ғалымдар Қ. Айтазин, Б. Әбілқасымов, А. Құрысжанов, Ә. Нұрмағамбетов, С. Омарбеков, М. Серғалиев, Б. Хасановтардың ғалымның ғылыми еңбектерін саралап, айтқан оң пікірлерін оқып шығуды ұсынар едім.*** Өйткені, олардың үлгі етіп ұсынған орамды ойларынан да хабардар болар еді. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҰҒА корреспондент мүшесі, профессор Е. Қажыбек Шөкең туралы: *«Қазақтың лексикографиясын, диалектологиясын, алтаистикасын шырқауға көтерген адам, Шоқантанушы, библиограф, футбол зерттеушісі, әзілкеш, әнші, музыкант, ақын, сері, шешен... Айта бересің, айт беруге болады. Бәрібір тауысып айту мүмкін емес. Әмбебап адам! Ерекше адам, ғажап адам! Баяғыда-ақ аңызға айналған адам, баяғыда-ақ қазақ халқының сүйікті персонажына, кейіпкеріне айналған тұлға»,* – деп толғанады.

Еліне етене жақын «Егемен Қазақстанда» жарияланған ***«Қалыпқа сыймас қайраткер» атты мақаламда*** мен де өз ұстазым туралы, шама-шарқым келгенше диалектология дарабозы, библиография білгірі, сөз сарапшысы, термин тілекшісі, футбол фанаты, коллекция корифейі, күлкі королі деп айдар тағып, Шөкеңнің тұлғалық портретін жасадым деп мәз-мейрам болғанымның дұрыс еместігін мойындауға тура келіп отыр.



Жоғарыда тілге тиек еткен, еліміздің көрнекті тілші ғалымдарының қазақ тіл білімінің өркендеп дамуына, түркология ғылымында туған тіліміздің абыройын арттырып, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесінің биіктеуіне ат салысқан қомақты үлесіне берген жоғары бағаларына қарап, мен де Шөкеңді танып білдік, үлгі еттік, тұлғалық келбетін, адами қасиетін айқындадық деп ойлағандардың қатарында болғанымның қате екенін түсініп отырмын. ***Оның мәнісі мынада.***

Ұстазымның мерейтойына байланысты ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарымен танысу мақсатында Шөкеңнің үйіне барып, әке жолын қуған, тілші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Майра Шорақызымен тілдескен едім. Міне, қызық! Майраның маған көрсеткен ұстазымның мұрағаттарынан шыққан жүзден астам, шаң басқан папкаларының арасынан жарияланбаған жазбаларын қарап шығып, ойға қалдым. Футбол фанаты деп жазған мақаламда, тек ұстазымның спорт туралы үш-төрт кітапша шығарғанын, Мексикада футболдан өткен әлем чемпионатына қатысқаны, футбол жайында төсбелгілер жинағанын жариялаған едім. Мұрағаттағы спорт тақырыбындағы папкадан оның тек спорттық хобби ретінде қарамағанын, ғылыми тұрғыдан қарастырғанына көз жеткіздім. Олай дейтінім, ***футболдың Отаны Ұлыбританияның тілінде, яғни ағылшын тіліндегі, спорт терминдерінің қазақша баламасын қалай беруге болатынын, әрбір сөздің шығу тегіне терең үңіліп, оңтайлысын ұсынған терминдер тізімін тізбектеп, оны ғылыми негіздеп, неге солай атау керектігі жөнінде нұсқаулық***

***ұсынған.*** Стадионда футбол тамашалап отырған адамның ойын барысындағы бойындағы байқалатын эмоциялық-экспрессивті жағдайларын, айқайлап, жан ұшыра жақтасып, қапа болған, гол салғандағы қолдап-қолпаштау сөздерін, қазақ тілінің одағайын зерттеген маман ретінде, оларды бірнеше топқа бөліп жіктеп-жіліктеп, жүйелеп қағазға түсірген көркем жазуы – нағыз ғалым екенін айтпай-ақ ұғындырып тұрғандай болды маған. Осынау бір ыждаһаттылықты, сабырлылықты, жігерлілікті талап ететін істі қолға алғанын көріп қайран қалдым. Мен ұстазымды футбол сүюші жанкүйер деп жаңылысқаныма көзім жетті. Сөйтсек, Шөкеңнің бұл салаға қызығушылық негізі – ***қазақша спорт терминдерін қалыптастыру ниетінен туғанын мұрағат материалдары айғақтап тұрғандай.***

Халық емшілігі туралы, денсаулық сақтау, салауатты өмір сүру салтын сақтауды мақсат еткен, әрі ол жөнінде жүзден астам емнің шипасы туралы жинаған коллекциясына қарап, ***«Халық емшісі» атанып кеткен ұстазымыздың бұл салаға мән беруінің мәні өзгеше екен.*** Сарғайған сары қағаздарда тізілген ауру аттары мен оның қазақша беруге болады-ау деген баламаларын әр аурудың тұсына тәппіштеп жазып қойғанын көріп, тағы да жоғарыда айтқанымыздай, хобби қуғандық емес, халық қамын ойлағандық деп қабылдадық. Өйткені, ***ұстазымның мұраты*** – халқының денінің саулылығымен қатар, ғалым ретінде бұл мәселеге тереңінен үңіліп, қазақша медициналық терминдерді тірілтуді мақсат еткен екен. Бұл да – мұрағат берген мағлұмат.



Коллекция корифейі деп айдар тағып, әр сала бойынша мыңдаған төсбелгі, кеңестік дәуірде шығарылған сан түрлі значоктар, жүзден астам папкада Шоқан туралы жинастырған мәліметтер, әлемнің (оның ішінде шығыстың) ұлы адамдарына арналған жүз шақты күнпарақтар мен ашық хаттар, сондай-ақ оңға тарта жәшіктерде жинақталған мақал-мәтелдер, афоризмдердің жөні бөлек екенін жұртқа жеткізіп едік. Сөйте тұра, ***оның түбіне үңілмеген екенбіз.*** Тағы да сол ұстазымның мұрағатына қарап отырып, үлгі еткен істерінің мәнісі ретінде әрбір коллекциялық затқа сипаттама беріп, оның тарихынан сыр шертер оқиғалар жөніндегі ой-толғамдары ойып жазылған қолжазбалары қолданбалы ғылымның өзегі болып табылатынын тереңдей зерттеп-зерделеу керектігін аңғартты. Реті келгенде айт кетейік, ***бұл күндері Шөкеңнің әулетінде Динара бастаған немерелері атасының дәстүрін жалғастырып «Қазақтың ұлы әйелдері» жобасымен жұмыс істеуде.*** Мұрағат материалдары коллекция жинау дәстүрінің – тәрбиелік тағылымымен бірге, қолданбалы ғылымды дамытуда септігі бар екенін көрсетті.

Той-домалақтарда, отырыстарда асаба болып, ән салып, әзіл-қалжың, қағытпаларды, анекдоттар айтып, елді қыран күлкіге қарқ қылып, отырыстың ажарын ашатынын бағалап, мен де мақаламда ***«Күлкі королі» деп*** Шөкеңнің осы ерекше қасиетін сөз еткен едім. Бірақ мен ұстазымның ұстамының тереңдігіне бойлай алмаған екенмін. Мұрағаттарындағы бірнеше папкаға жинақталған, тақырыптық тәртіппен орналастырылған той өткізу қағидасы, тойға келген адамдарды туыстық,

ағайындық, әріптестік топтарға бөліп, әр топқа сай айтылатын әзілдердің, тілектердің жиынтықтарын әр қағазға жеке жазып, тойда айтылатын өзі таспаға басқан әндердің мәтіндерін, анекдоттар айтқанда күле білу, күлдіре білумен қатар, күлкі болмаудың амалдарын айшықтап, қалжың мен қылжақтың ара жігін ажырата білуді мықтап есте ұстау керектігі жөнінде жазған қолжазбаларына қарай отырып, ***оның қасиетті өнерді қастерлеп, әрбір мәдени іс-шараға жеңіл-желпі қарамай, үлкен жауапкершілік тұрғысынан қарау керек екендігі туралы ойын енді ұғынуға түрткі болғандай.***

Жалпы, жоғарыда айтылған мәселе, бір өзі – бір мұрағатқа жүк болатын Шөкеңнің мұрағаттарындағы үш-төрт папкаға жеңіл-желпі көз жібергендегі байқағанымыз ғана. Негізінде, ұстазымның мұрағатындағы мұраларды мұқият зерттеу керектігін түсіндім. Біз білмейтін, оның туған тілімізді ғылыми түрде терең зерттеулерді жалғастыру, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру, ұлттық тіл мен ұлттық тәрбие жөнінде жарияланбаған қолжазбаларын зерделеп, докоранттарымыз бен магистранттарымыздың диссертацияларына тақырып етіп беру – біздің парызымыз деп есептейміз. Сонда ғана, академик Шора Сарыбаевтың тұлғалық келбеті толыға түсері анық.



***<u>Әдеби шолу</u>***

**Қ.ҚАБДЕШОВА,**
**Әл-Фараби атындағы**
**Қазақ Ұлттық университеті**
**және «Ғылым ордасы» кешенінің**
**базасындағы ғылыми-зерттеу**
**институттарының**
**бірлескен білім беру**
**бағдарламаларының**
**2-курс докоранты.**

# ЖЕТІСУ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ ЖЫРЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

***Аңдатпа:***

*Мақалада авторлық тарихи жырларды әкелген жетісулық ақындардың жырлары әдебиет поэтикасы тұрғысынан талданады. Жыраулық дәстүрді жалғастырған Есдәулет Қандековтің «Шаян батыр», «Тауда», Саяділ Керімбековтің «Байсейіт батыр», Қалқа Жапсарбаевтың «Сеңгірбаев Мұсабек», Тәжібай Байбағышовтың «Байсейіт батырдың тарихы» жырлары зерттеу нысанына айналған. Мақалада халық ақындарының жырлары поэтикалық тұрғыдан зерделене отырып, жырлардың әдеби құндылығы анықталады.*

***Түйін сөздер:***

*Жетісу ақындары, авторлық тарихи жырлар, поэтика, эпикалық дәстүр.*

***Summary:***

The article analyzes poetry poets who brought author's historical poems in terms of literary poetry. The theme of the research was the study of the poetry of Esdaulet Kandekov "Shayan Batyr", "Tauda", Sayedul Kerimbekov "Baiseit

Batyr", Kalka Zhapbarbaev "Sengirbayev Musabek", Tazhibay Baibagushov's "History of Baiseit Batyr". The article defines the literary value of the poems by poetical study of folk poets' poems.

***Key words:***

*Zhetisu poets, author's historical poems, poetics, epic traditions.*

Әдеби шығармалардың өзіне тән ерекшелігін айқындайтын белгі – оның поэтикасы. Қазақ тілінің тіл байлығы, көркем сөз кестелері қазақ әдебиетінің барлық жанрларының бойынан табылады. Әсіресе Жетісу халық ақындарының сөзге шешен, ойға озық, отты жырларының қазақ әдебиетінде шоқтығы биік. Ақындардың шығармашылығына осындай жоғары бағаны олардың жырларын көркемдік поэтикасы тұрғысынан зерделегенде ғана көз жеткізуге болады.

Жетісу халық ақындары шығарған авторлық тарихи жырлардағы буын саны түрліше болып келеді. Қалқа Жапсарбаевтың «Сеңгірбаев Мұсабек», Саяділ Керімбековтің «Байсейіт батыр» жырлары таза 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған жырлар болса, Тәжібай Байбағышовтың «Байсейіт батырдың тарихы», Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден», Есдәулет Қандековтің «Жетіген» жырлары жыр үлгісіндегі 7-8 буыннан, қара өлең үлгісіндегі 11-12 буыннан тұрады. Есдәулет Қандековтің «Тауда» жыры таза 11-12 буынға құрылған. Жыр жолдары қара сөзбен де араласып келіп отырады.

Жетісу халық ақындары қазақтың фольклорлық мұралары, өздеріне дейінгі ақындар шығармашылығын естіп өскен. Қазақтың көркем сөзін үлгі етіп, жыр ырғағы мен ұйқасын, бунағы мен тармағын қиюластыра отырып, түйдектелген жыр жолдарын дүниеге әкелді.



Жетісу халық ақындары жырларынан батырлар жырының, ақын-жыраулар поэзиясының өлең үлгілерін аңғаруға болады. *«Соғыс жағдайындағы елдің ақын-жыраулары көтеріліске қатысушыларды табан астында жігерлендіру үшін бұрынғы дәуірде өткен бабаларының рухты, әрі айшықты өлең үлгілерін әдейі қолданып отырған»* [1, 68 б.]

***Ақтамберді жырау:***

*Мінезді болса алғаның,*
*Одан артық жан бар ма,*
*Екі жаман қосылса,*
*Күнде жанжал, күнде шу,*
*ұяларлық ар бар ма.* [2, 66]

***Тәжібай ақын:***

*Қалмақтың қылған қорлығы*
*Көңілден ердің қалар ма?*
*Өлтірген соң Қыздардың*
*Сүйегін бермей алар ма?*
*Ит пен құсқа жем қылып,*
*Далаға тастап сүйегін*
*Мақтанып елге барар ма?* [3, 207]

Автор өзіне дейінгі ақындар шығармашылығымен таныс боп өсіп, жадында сақтаған. Мұндай үрдіс қазақ әдебиетіне таңсық емес. Дәстүр жалғастығы арқылы әдебиеттің озық үлгілері ұмытылмай, жаңғыртылып келеді. Тәжібай ақын лексикалық қайталауларды ұтымды қолдана отырып, семантикалық реңкті күшейтуші жырдағы қайталанатын сөздер арқылы өз мақсатына жете білген, тыңдаушысын тыңдата білген. Мұндай лексикалық қайталаулар жыршылық дәстүрге жат емес. Қайталама сөздерді орынды пайдалана отырып, жырдың тыңдаушы жадында тез жатталуына

жағдай жасайды. Жыршы жеке сөз, сөз тіркестері, тұтастай жыр жолдарын сол күйінде қайталайтын тұстары да кездеседі.

Көбінесе кейінгі ақындар XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар поэзиясына сүйенгенді жөн көреді.

Бұндай ұқсастықтың себебін әдебиеттанушы ғалымдар осы кезге дейін айтып келді. Ғалым Қ.Сыдиықов: *«Халық таланттары өздерінен бұрынғы ақын, жыраулар мен шешен-ділмарлар сөзін қадір тұтып, жаттап, соларға еліктей өскен. Қажет жерінде оларды дайын құралдай қолма-қол пайдаланып, ағытып айтып отырған. Сөйтіп, ақылға үндер асыл сөздерді қисындырып айтушылар халықтың қадірлі адамына айналған. Ал, ақындық таланты барлары сұңғыла сөздердің кейбіреулерін бағзы, бастапқы күйінде хабарлап қана қоймай, оны сол тұстағы белгілі жағдайға, өз идеясына лайықтап, өзіндік өрнегімен дамыта, ұстарта толғаған»* [4, 209 б.]. Осы ретте белгілі бір ақынның өзінен кейінгі ақындарға ықпал еткендігі жөнінде біржақты пікір айту ерте. Ақындар дәстүр жалғастығын сақтай отырып, құлағына жыр үлгілерін құйып өскен.

Халық ақындары жыраулар шығармашылығымен сусындап өскендіктен бейсаналы түрде жыраулардың өлең үлгілерін, жырлау мәнерін қолданып отырған. Мұндай үрдіс тек жетісулық ақындарға тән боп келмейді. Жыраулар поэзиясының кейінгі ақындарға ықпалы осы кезге дейін кеңінен зерттелген болатын. Десек те біз жыраулар поэзиясы мен Жетісу халық ақындары жырларының ұқсастығын талдамақпыз.

***Шалкиіз жырау:***

*Айырдан туған жампоз бар,*
*Жүгін нарға салғысыз,*



*Арғымақтан туған будан бар*
*Күнінде көрінім жерді алғысыз,*
*Жаманнан туған жақсы бар*
*Адам айтса нанғысыз,*
*Жақсыдан туған жаман бар*
*Күндердің күні болғанда*
*Бір аяқ асқа алғысыз* [2, 44-б.]

***Саяділ Керімбеков:***

*Денесін тауға баласам,*
*Шынар шыбық бойы бар.*
*Қайнардың тұнық көзіндей*
*Атқыған ақыл ойы бар.*
*Ердің есіл-дертіне*
*Елдің мұңы жолығар.*
*Аяғын алға бастырмас*
*Ағайын елдің торы бар.*
*Наурызбай, Кенесарының*
*Соғысының соңы бар* [3, 214].

Шалкиіз жырау мен Саяділ ақынның жыр жолдарын ортақтастыратын – «бар» сөзінің қайталануы. Ал қос жырды айрықшалайтын – жырдың мән-мағынасы. Шалкиіз жыраудың «Айырдан туған жампоз бар» жырында «бар» сөзі жампоз бен буданның, жақсы мен жаманның, асыл мен сынықтың, ойлы мен ойсыздың дүниеге келуін астарлап сипаттап, философиялық мәнде шығарған. Саяділ ақынның қайталауындағы «бар» сөзі Байсейіт батырдың сипатына қатысты қолданылған, философиялық туынды қатарынан табылмайды. Ақын Байсейіттің батырларға тән денесіне ақылы да жараса кеткен деп сипаттайды. Қос жырда да «бар» сөзі бір тармақты қалдыра отырып, лексикалық қайталануы арқылы жырға экспрессивтік

мән үстемелей түскен.

Шалкиіз жыраудың шығармашылығын Қалқа Жапсарбаев та үлгі тұтқан. Ақын жырынан Шалкиіздің сарынын аңғару қиын емес. Бұл сөздерімізге төмендегі жыр жолдары дәлел бола алады.

*Асқар, асқар, асқар тау,*
*Асқар таудың со бүркіт*
*Ылдидың аңын шалар ма,*
*Далада сұңқар түлесе,*
*Жүніне қарға жолар ма* [2, 46]
*Асқар, асқар, асқар бел*
*Сай-салаңнан аққан сел,*
*Жұпардайын аңқыған,*
*Байтақ дала, самал жел.*
*Шайқалмасын ырысың*
*Берекелі бейбіт ел.* [5, 15-16]

Жоғарыда айтып өткеніміздей, философиялық толғауларды дүниеге әкелген Шалкиіз жырау сарыны көптеген ақындарға үлгі болған. Шалкиіз жыраудың «Асқар, асқар, асқар тау» деп басталатын толғауы философиялық сарында болса, Қалқа ақынның қолданысындағы «асқар, асқар, асқар бел» деп келетін жыр шумақтары туған еліне арналған. Мұның жыр сюжетіне қатысы болмаса да, Мұсабек батырдың туып-өскен жерін сипаттауға арнаған. Мағына айырмашылығына қарамастан, Қалқа ақын эпикалық дәстүрге ілесе білді.

«Сеңгірбаев Мұсабек» жыры патриоттық мақсатта жазылып, Мұсабек батырдың ерлігін, кеңестік еңбекші қазақтың образын сипаттайды. «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» деген мәтел мағынасымен үндес жыр жолдары өзінің соғыстағы қатарластарын жігерлендіріп,



рухтандыруға бағытталған. Отан алдындағы борышты абыроймен атқаруға Мұсабек батырдың атынан жыр арналып, майдандастарын қайрай түседі.

*Қиын-қыстау күн туса*
*Жау оғынан саспайық,*
*Жау бетінен жасқанып*
*Шегініп кейін баспайық.*
*Қазадан қорқып қаймығып*
*Арамызды ашпайық.*
*Мың қарғаға бір кесек,*
*Тұралық қарсы қасқайып* [5, 19 б.]

Патриоттық сарында жазылған жыр жолдары жетіліп артылады. Себебі авторлық тарихи жырлардың дені батырлықты, ерлікті, туған жерге деген құрметті дәріптейді.

Ақындардың жыр жолдары тұнып тұрған теңеулер. Тәжібай ақынның «Байсейіт батырдың тарихы» жырында: «тартқанда ине атқандай екі қолым», «Дұшпанды аждаһадай жүрген шағып», «Бурадай болып жараған» деген тіркестерден бөлек тұтас жыр шумағы теңеулерден құралған. Ақын тапқыр теңеуді шебер ұйқастыра білген.

*Екі аттың сураты*
*Кәрі жілік қақпандай,*
*Жотасы сұлу жонғандай.*
*Ерге лайық ат дағы,*
*Ой желкесі құмғандай,*
*Сүйегі емес оңғандай.*
*Қалаған жерге барады,*
*Көзді ашып жұмғандай.*
*Ерге лайық шұбары,*
*Бір тұлпардан туғандай.*
*Ол атқа мінсе Байсейіт,*

*Дұшпанның жолын буғандай.*
*Қарсыласқан дұшпанды*
*Қызыл қанмен жуғандай.*
*Порымын байқап көрсеңіз,*
*Ерлерден асып туғандай* [3, 137 б.].

Есдәулет ақынның «Шаян батыр» жырында: «Арыстандай ер еді», «Үріккен қойдай шығады», «Ажағайдай жарқылдап», «Арыстандай арсылдап», «Жолбарыстай сұрланып», т.б.

Есдәулет ақынның «Жетіген» жырында: «қасы қияқтай», «Қып-қызыл жолбарыстай сұры жаман», «Көңілім күндей жарық, оттай өткір», «Секіріп жас лақтай ойнақтайды», «Кісісі топырақтай көрінеді», «Кәдімгі жолбарыстай сұрланады», т.б.

Ақындар жырларындағы эпитеттер де молынан ұшырасады. Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден» жырында «жас бала», «қаһар от», «қу сөз», «өнімсіз сөз», «сары бала», «қадірлі боз бала»,

Қалқа ақынның «Сеңгірбаев Мұсабек» жырындағы эпитеттер: «жас қозы», «азат өмір», «жаңа жігер, жаңа күш», «асқар шың», «жас сәбиін жас ана жұмыста жүріп тербетті», «шыбын жаным садаға», «қас жау», «айдын көл», т.б.

Жетісу ақындарының тарихи жырларында күрделі метафоралар орынды қолданылып, жырдың көркемдік құндылығын арттыра білген. Академик З.Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Күрделі метафораларды жасаудағы мақсат та – сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой образын үстемелей, өсіре келе оның әсерін күшейту» [6, 230 б.] деп жазған болатын.

*Ой – желіс, қиял – өріс, ақыл – қазы,*
*Келеді қиялдансам сөздің сазы.* [3, 293 б.]

Е.Қандековтің «Тауда» жырындағы жалғаусыз,



тіркессіз жасалған құбылтулары ақынның шеберлігін дәлелдей түседі.

Есдәулет ақын әдебиеттегі көркемдеу құралдарын мүмкіндігінше орынды қолдана білген. Он жасар бала Шаянның ұйықтап жатқан қалмақтың басын айбалтамен шабуы жырда өте әсерлі суреттелген:

*Балтамен басын шапқанда,*
*Қаны аспанға секірді.*
*Тулап жатты бөксесі*
*Семіз шошқа секілді* [ 3, 49 б].

Ақын әсірелеуді қолдану арқылы ер жеткенде батыр болатын бала Шаянның өжеттігін, қайсарлығын аңғартқандай. Әсірелеу құралы көбінесе батырлар жырында қолданылатынын ескерсек, ақын осы тұста өзінің мақсатына жете білген. Батырдың бала жасынан сұстылығын, жауға келгенде қатыгездігін таныта түскен.

Сондай-ақ батырлар алыс жерге тез жетіп барады, батырдың жүрісі гиперболалық күйге ауысады.

Қазақтың авторлық тарихи жырларынан орыс тіліндегі кейбір лексемаларды ұшыратамыз. Бұл – жырдың бертін келе пайда болғандығының айғағы.

***«Шаян батыр» жырында:***

*Халыққа үлгі болды сіздің талап,*
*Дүние аяр кемпір бұл бір жалап.*
*Екеуің екі-үш сөтке сөйлескенде,*
*Жақ ашпай қарап тұрдым тамашалап.*
[3, 65 б.].

***«Байсейіт батыр» жырында:***

*Мылтыққа оқ сап біз де пестун бастық,*
*Атып мылтық, қылышпен араластық.*
[3, 175 б.]

Қорыта келе, Жетісу ақындарының тарихи

жырларында фольклорлық жырлардағы, жыраулар поэзиясындағы көне формалар, дәстүрлі сарындар, ажарлау тәсілдері жиі ұшырасады. Мұндай сабақтастық тарихи жырлардың көркемдігін, эстетикалық сипатын, идеялық құндылығын арттыра түскен. 7-8, 11-12 буынды өлең жолдары қазақ тарихынан сыр шертіп қана қоймай, жыршылық дәстүрдің заңды жалғасы болды десек қателеспейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. 6-т. – Алматы: Ғылым, 2001. – 368 б.

2. Ай, заман-ай, заман-ай. Екі томдық. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1991. – 361 б.

3. Әулиеата мұралары. Бес томдық. 1-т. – Тараз, 2018. – 368 б.

4. Сыдиықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 239 б.

5. Жапсарбаев Қ. Сеңгірбаев Мұсабек. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, 237-бума.

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 373 б.




***<u>Ұтымды ұсыныс</u>***


**З. СОВЕТОВА,**
**филология ғылымдарының кандидаты «Қаржы академиясы» акционерлік қоғамы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және журналистика кафедрасының доценті.**


# ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


**Аңдатпа:**

*Мақалада заманауи білім беру үдерісіндегі жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқытудың тиімділігі жөнінде жан-жақты талдау жасап, өзекті деп танылған тұжырымдарды ұсынады.*



**Түйін сөздер:**

*Білім беру, мәтін, жағдаяттық тапсырмалар, әдістеме ғылымы*



**Summary:**

*Provides a thorough analysis of the effectiveness of teaching in the article by means of situational tasks in the modern educational process and provides the recognized conclusions.*



**Key words:**

*Education, text, situational tasks, methodology science*


Заманауи білім беру үдерісі, ең алдымен, жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай кәсіби қазақ тілін меңгертуде

озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі. Сондықтан болашақ мамандардың білім деңгейін көтерудің және қазақ тілін инновациялық технологиялар негізінде оқытып-үйретудің жолдары қарастырылуда.

Кез келген тіл үйренуші сол тілде өз ойын еркін жеткізе алатындай дәрежеде игеру мақсатын көздейді. Осыған байланысты тіл үйренушінің мамандық тіліне қатысты білімі мен тілдік дағдысын арттыру барысында кәсіби қазақ тілі пәнінің маңызы зор. Себебі атаулы пәннің толық бағдарламасын игеруде тіл үйренуші өз ойын дәлелді әрі тұжырымды жеткізе білуге, мәтіндерді қос тілге аудара білуге, терминдер арқылы мәтін құрастыра білуге, жалпы айтқанда, өз мамандығы бойынша қарым-қатынас түрлерін құрастыра білуге дағдыланады. Нақтырақ айтқанда, кәсіби, іскерлік, ғылыми салалар мен жағдайларда мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастырады, кәсіби мамандандырылған ресми қарым-қатынас тілін үйрету бағытындағы тақырыптарды меңгереді.

Әдістеме ғылымы оқытудың заңдылықтарын, оқыту әдістемесі оқытудың мазмұнын, мақсатын, міндетін, әдісін, үйрету амалдарын зерттейді. Әдіс белгілі бір ғылымның теориясын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру үшін іс жүзінде қолданылатын іс-әрекеттердің жинақталған жүйесі. Әдіс – оқытуға арналған бағыт, яғни ол сөйлеу әрекетін тудыратын оқыту стратегиясы. Оқыту әдістері – білім, дағды және біліктілікті қалыптастырудағы, тіл үйренушінің дүниетанымын қалыптастыру мен қабілетін дамытудағы оқытушы мен оқушының іс-әрекеттегі байланысы. Тілді оқыту мен үйрету, негізінен, тіл білімінің әдістеме саласымен ұштасып жатады [1, 121].

Демек, әдіс теорияны жүзеге асырудың басты құралы



болып саналады. Бұрыннан қалыптасқан қағидалар бойынша педагогиканың да, дидактиканың да негіздері белгілі бір әдіске сүйенеді де, сол арқылы жүзеге асады.

Қай әдіс болса да, оларға тән негізгі ортақ қасиет оның практика арқылы жүзеге асуында. Әдіскер ғалым Ф. Оразбаева тіл үйретуге қатысты әдістердің негізгі шарттарын былайша саралап көрсетеді: *«Теорияны практикамен ұштастыра білу; теорияны сапалы түрде меңгеру жолдарын ашу; тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тілді тез үйретудің мүмкіндіктерін қарастыру; ой мен іс-әрекеттің қатар жүруін қамтамасыз ету; тәжірибенің жиынтығын жан-жақты қорыту арқылы іс жүзінде дұрыс қолдану»* [2].

Әдіскер ғалымдардың пікіріне сүйенсек, үйреніп жүрген тіл халқымен күнделікті тұрмыс тақырыбында тілдесу үшін кез келген тілді үйренуші 1000-1500 сөз білуі керек екен. Ал ести отырып түсіну үшін 3000 сөз білуге тиіс көрінеді. Ал мәтінді 96 % түсініп оқу үшін үйреушінің сөздік қорында кем дегенде 6000 сөз болуы қажет екен.

Ғалым Ә. Әлметова қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқытудың, оның ішінде сөйлеу әрекетінің төрт түріне оқытудың төмендегідей қажеттіліктерін атап көрсетеді:

**1.** *Сөйлеу әрекетінің әрбір түрі өз бетінше іске асады. Алайда әрқайсысы өзіне қажет дағдылардың дамуын талап етеді.*

**2.** *Сөйлеу әрекетінің ауызша түрлеріне ауызша, жазбаша түрлеріне жазбаша жұмыс түрлері арқылы бақылау орнату қажет.*

**3.** *Оқыту кезінде оқыту мақсатына сәйкес сөйлеу әрекетінің бір түрінің ерекше басым екендігіне қарамастан, сабақтың тиімді өтуі үшін оқытушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін шеберлікпен үйлестіре білуі қажет [3, 4].*

Әдістеме ілімінде «жағдаят» ұғымына бірнеше анықтама

берілген. Әлеуметтік роль адамға өзінің жеке тұлға ретіндегі ерекшелігін және шығармашылық қабілетін көрсетуге көмектеседі. А.В. Петровский, В.В. Шпалинский: *«Активная позиция личности, её деятельность, общественная практика – причина того, что ролевые ожидания всегда носят конкретно-исторический характер и формируются под влиянием личностного опыта индивида»* [4, 8].

Е.И. Пассов жағдаят белгілі бір оқиғалардың, деректердің жиынтығы немесе бір-бірімен өзара әсері ғана емес, жағдаят өзінше бір жүйе екендігін дәлелдейді әрі мынадай анықтама береді: *«Ситуация есть такая динамическая система взаимоотношений общающихся, которая благодаря её отраженности в сознании порождает личностную потребность в целенаправленной деятельности и питает эту деятельность»* [5, 95].

Д.И. Изаренков былайша анықтайды: *«Речевая ситуация есть диалектическое единство исходных и новых условий и обстоятельств, взятых в их отношений к говорящему лицу, интересы которого порождают в нём потребность выяснить степень реальности этих обстоятельств, различные их стороны, сообщить о них другому лицу, дать оценку этим условиям и обстоятельствам, сделать вывод из этих условий и обстоятельств, разрешить комфликт между ними, приведя их в соответствие со своими интересами, что и достигается посредством определенного речевого действия»* [6, 49].

Әдістеме іліміндегі тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми негізін қалаған ғалым Ф. Оразбаева: *«Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету. Оқушылар арасындағы тілдік қатынасты әртүрлі*



*мамандық иелерімен қалай сөйлесіп, тіл табысуға болады, соған қарай құруға тура келеді. Адамның қоғамдағы орнын, беделін, қызметін ескере отырып, құрылатын тілдік қарым-қатынас – әлеуметтік тілдесім болып табылады. Мұнда сөйлесуші адамдар бір-бірінің қоғамдағы әлеуметтік роліне, атқарып отырған қызметіне, жасына, жолына т.б. қарап тілдеседі. Қазақ тілін үйретушілерге мұны да білудің өмірлік қажеттілігі бар»* [4, 77], – деп тұжырымдайды. Ал ғалым Ә. Әлметова төмендегідей анықтама береді: ***«Жағдаят*** *– сұхбаттастар мен олардың әрекеттері арасындағы құбылыстар мен жайлардың жиынтығы. Мұнда кім кімге не айтты, не туралы айтты, неге айтты, қандай мақсатпен, қандай жағдайда айтты деген мәселелер қамтылады»* [7, 307].

Демек, жағдаяттық тапсырмалар студенттердің алған білімін көрсетуге, оны күнделікті тілдік қатынас жасауды өз қажетіне жаратуға, сөйлеу дағдыларын кәсіби қарым-қатынас деңгейінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай оқыту әдісі студенттің болашақ маман ретінде жоғары оқу орнында білім ала отырып, кәсіби тәжірибе жинақтауы, жағдаяттарды шешуде іс-әрекет тәсілдерін оңтайлы пайдаланып, ажырата білуінің мәні ерекше болып табылады.

Жағдаяттық тапсырмалар арқылы тілді кәсіби бағдарлы оқытудағы басты ұстаным – сабақты іскерлік ортамен, студенттің болашақ мамандығымен ұштастыру, білім алушының ізденіс кезіндегі тәуелсіз креативті жүйелік ойлау қабілетін дамыту және сөйлеу әрекетінде өз пікірін білдіру, өзгенің пікірімен келісу, келіспеу, қарсылық білдіру, өз пікірін жақтау, ой қорыта сөйлеу сөз оралымдарын орынды қолдану дағдысын қалыптастыру.

Орыс бөлімінде білім алатын студенттерді қазақша кәсіби сөйлеуге үйретуде жағдаяттық тапсырмалар өте тиімді

әдіс ретінде саналады. Себебі студент дайын материалды меңгеруге ғана дағдыланбайды, ол өз бетінше ізденіп, болашақ мамандығы роліне ену арқылы даулы мәселені одан ары өршітпей дер кезінде аяқтауға, сөйлеу үлгілерін дұрыс қолдана білуге қалыптасады.

Жағдаяттық тапсырмаларды орындауды жиі ұйымдастыру студенттердің маман роліне еніп, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін өз бетінше құра білуге бейімделуіне, яғни білім алушының өзін еркін ұстап, шынайы маман ретінде қалыптасуына әрекет жасауына ықпал етеді. Студенттің жағдаяттық тапсырмаларды дұрыс орындауы үшін, біріншіден, қазақ тілі пәнінен алған терең теориялық білімі, екіншіден, жағдаятты талдау барысында меңгерген білімін дәлелдеуі, үшіншіден, кәсіби білімі мен шеберлігіне байланысты дұрыс және дәлелді шешім қабылдауы қажет.

Студенттердің қазақша кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыруда және болашақ маманның кәсіби шеберлігін меңгеруіне арналған жағдаяттық тапсырмаларды сабақта пайдалану студенттердің тіл үйренуге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырады, студенттердің сөздік қорын байытып, болашақ маман ретінде кәсіби біліктіліктерін арттырады. Жағдаяттық тапсырмалар студенттердің оқуға, тіл үйренуге деген ынтасын арттырады.

Енді өз тәжірибемізден сабақта студенттерге айтылым дағдысын меңгертіп қалыптастыруға арналған кейбір жағдаяттық тапсырмаларды ұсынуды жөн көріп отырмыз.

***1-жағдаят:***

***Сіз – Қаржы министрлігінің қызметкерісіз.*** *Жаңадан тағайындалған мекеме басшысы Сізбен жеке танысқысы келеді. Жаңа басшыға өзіңіз жайлы және министрліктің жұмыс барысы туралы айтып беріңіз.*

***2-жағдаят:***



***Сіз – «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та білім алып жатқан магистрантсыз.*** Сіздің курстасыңыз бұл елде көптеген қиындықтарға кездесіп, қиналып жүр. Ол бәрін тастап еліне кетуге бел байлады. Сондықтан Сіз АҚШ-та тұру да, оқу да өте пайдалы, үйренетін нәрсе көп екендігін айтып, курстасыңызды қалдыруға көндіріңіз.

***3-жағдаят:***

***Сізде жаңа компьютерлік бағдарлама бар.*** *Әріптесіңізге де осындай бағдарламаны орнатуға кеңес беріңіз.*

***4-жағдаят:***

***Сіз*** *«Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» атты семинарға қатысып отырсыз. Әріптестеріңізбен осы мәселе төңірегінде ой бөлісіңіз.*

***5-жағдаят:***

***Сіз – фирманың директорысыз.*** *Жұмысқа жаңадан орналасқан маманды ұжыммен таныстырып, оған еңбек қауіпсіздігін түсіндіріңіз.*

***6-жағдаят:***

***Сіз*** *әріптесіңізбен тендер жайында әңгімелесіп отырсыз. Әріптесіңіз тендерге қатысты естіген жаңалығын айтып, оған көңілі толмайтынын білдірді. Сіз бұл жаңалықты естіген-естімегеніңізді айтып, тендерді ұтып алу жолдарын түсіндіріп, тендер туралы өз ойыңызды білдіріңіз.*

***7-жағдаят:***

***Сіз – компания президентісіз.*** *Шетелдік компанияның қызметкеріне Сіздермен бірігіп жұмыс істеудің қажеттігін айтып, мұндай бірлескен еңбектің тиімді бағыттарына серіктесіңіздің көзін жеткізіңіз.*

***8-жағдаят:***

*Тәжірибе алмасу мақсатында шетелге бардыңыз. Шетелдік әріптесіңізбен орта және шағын кәсіпкерлікті*

*дамыту мәселелері төңірегінде ой бөлісіңіз. Қазақстаннан келген әріптесіңіз Сізден шетелде дамыған инвестицияның қыр-сыры туралы айтып беруді өтінді. Әріптесіңізбен сұхбат жүргізіңіз.*

***9-жағдаят:***

***Сіз – мекеме басшысысыз.*** *Сізге жұмысқа тұру жөнінде ұсыныс жасап келген үміткерлерді жұмысқа қабылдауыңыз керек. Үміткерлердің қандай сапалық белгілеріне ерекше көңіл бөлер едіңіз?*

***10-жағдаят:***

***Сізге*** *ірі компанияға жұмысқа орналасудың сәті түсіп тұр. Айлық табысы да жоғары. Сіздің жоғары біліміңіз бар, үш тілді жетік меңгергенсіз, 10 жылдық жұмыс өтіліңіздің арқасында іс-тәжірибеңіз де мол. Сіздің мақсатыңыз – Сізге бірлесіп жұмыс істеуді ұсынып отырған компания жайында толық мәлімет алып, компанияның артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылай келіп, шешім қабылдау.*

***Жағдаяттық тапсырмалар бойынша қойылатын талаптар:*** *әр жақ 10-нан кем емес реплика қолдануы керек; сөйлеу мәдениеті мен әдеп нормаларының талаптары қатаң сақталуы қажет; іскерлік қарым-қатынасқа байланысты реплика қолданып, диалог тақырыбына байланысты әр студент 6-дан кем емес термин қолдануы тиіс; сөйлеу ұзақтығы 4-5 минут көлемінде болуы қажет.*

Сонымен, **жағдаяттық тапсырмалар** – студенттердің кәсіби сөйлеу тілін үйрену үшін және оны дамыта отырып, кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қоса жүргізілетін тиімді әдістердің бірі. Себебі студенттер тілдің қоғамдық қарым-қатынаста, кәсіби, ғылыми т.б. саладағы орнын, болашақ маман ретінде еркін, ұтымды сөйлеп, ойын нақты және жатық жеткізуге, қорыта білуге, өз саласына қатысты сұрақ-жауапты игеруге, сұрақ-жауап кезінде тапқырлық көрсетуге, өз саласына қатысты туындаған



мәселелер бойынша сұрақтар қоюға, сала терминдерін пайдаланып сөйлей білуге дағдыланады, бір адаммен, топпен, қауыммен байланыс орната сөйлеуге, яғни сөйлеу тәсілдеріне машықтанады.

Ойымызды қорытындылай келе, болашақ маман мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеру арқылы кәсіби білімді меңгерген, мамандығында, еңбек ету барысында алған білімін іс жүзінде еркін бағдарлай білетін, еңбек нарығының сұранысына сай ғаламдық бәсекеге қабілетті маман болары сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 2005. - 173 б.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2000. - 208 б.
3. Әлметова Ә. Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). - Алматы: Арыс, 2007. - 114 б.
4. Петровский А.В., Шпалинский В.В. Социальная психология коллектива. - Москва: Просвещение, 1978. - С. 176.
5. Пассов Е.И. Основные вопросы обучения иноязычной речи. - Воронеж: Воронежский университет, 1978. - С. 163.
6. Изаренков Д.И. Обучение диалогической речи. - Москва: Русский язык, 1981. - С. 136.
7. Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті: Қазақ тілі ЖОО шетел тілі мамандығы үшін. - Алматы: Толағай, 2007. - 316 б.

**А.МАХМУТОВА,**
**М.Әуезов кітапханасы.**
Қарағанды облысы
Жезқазған қаласы

# ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ҰЛЫ АБАЙ

*(Ұлы кемеңгер, ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойына арналған поэзиялық марафон)*

**Мақсаты:**

Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп айтқызу.

Сөз өнерінің қыр – сырымен таныстыру. Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.

Оқырмандарды туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

**Түрі:** Поэзиялық марафон.

**Көрме:** Abai eli.

### Барысы

Кітапхана холында «Өнер мектебінің» оркестр үйірмесі Абай әндерін оркестрмен орындап отыр.

Әдеби шара атасы мен немересінің диалогы арқылы басталады.

***(Атасы мен немересі. Шығарма жаза алмай қиналып отырған 5-сынып оқушысы. Теледидар қарап отырған атасы, қолында газет).***



***Теледидардан дауыс:*** *– Абайдың «Қыс» өлеңінен үзінді оқылады:*

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*
*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*
*Үсті - басы – ақ қырау, түсі суық,*
*Басқан жері сықырлап келіп қалды...*

***Немересі қаламын тастай сала атасының қасына келіп:***

*– Мен бұл өлеңді білемін, ата! Кеше ғана әдебиет сабағынан өткен болатынбыз. Абайдың өлеңі.*

***Атасы:***

*– «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас»* ***(немересіне жақындай түсіп).*** *Иә, бұл – Абайдың жазған өлеңі. Қатал табиғаттың сүреңін тамаша суреттеген. Сен біледі екенсің. Ендеше Абайдың кім екенін білетін шығарсың.*

*– Иә, бірақ толық білмеймін.*

*– Олай болса, ендігі жерде Абайды «Абай атам», «Абай атаның өлеңі» деп сөйле. Ол – өте данышпан бүкіл қазақтың Абайы ғой. Оны білмеген адам қазақ емес.*

*– Ата! Бізге шығарма - эссе жазуға қосымша ізденіс жұмысы тапсырылып еді. Соған біраз қиналып отырмын. Қайтсем екен? Жарысқа қалайда қатысуым керек.*

***Атасы:***

*– Абай туралы көп дерек айтсам, тыңдар ма едің, балам?*

***Немересі:***

*– Иә, сіз оны көрдіңіз бе? Ол туралы қайдан білесіз?*

***Атасы:***

*– Жүр, балам. Мен сені бір жақсы кешке алып барайын Ұлы Абайдың жолын жазып кеткен, Мұхтар Әуезовтің атындағы кітапханада Абай атаның 175 жылдық мерей тойына арналған поэзиялық марафон өтіп жатыр. Жүр балам, жүре ғой!* ***(Ертіп алып, шығып кетеді).***

***Фонфары ойнайды. 3 жүргізушілер ортаға шығады.***

***1-жүргізуші:***

*Абай аманаты, мәңгілік ел бой тұмары.*
*Жасасын Тәуелсіздік көк байрағы.*
*Абай – қазақ елінің рухани қазынасы*
*Абай – ұлы даланың мызғымас темір қазығы.*

***2-жүргізуші:***

*– Абай арманы халықтың асқақ арманы*
*Алтын қыран боп төрткүл дүниені шарлады*
*Абай жыры ақындық рухтың алдаспаны*
*Қара сөздері ұрпақтың ұлы дастаны.*

***3-жүргізуші:***

*– Егемен ел болып мерейіміз тасыды*
*Елбасымыз ұлтымыздың абыройын асырды.*
*Жаңғырды Алтай, Алатау, Каспий арасы*

***(Абайдың әнін шырқайды. Қазақ баласы-хормен үшеуі айтады.)***

***Ән:*** *"Әсемпаз болма әр неге"*

***1-жүргізуші:***

*– Қайырлы күн, құрметті қонақтар, оқырмандар, құрметті әдебиет сүйер қалың көпшілік! Қ а з а қ т ы ң*



*біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы мен шығармашылығына арналған "Әлем таныған ұлы Абай" атты поэзиялық марафонымызға қош келдіңіздер!*

***2-жүргізуші:***

*Абай – туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын. Абай қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын арқалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тырысқан, қазақтың рухын жоғары көтерген дана қолбасшымыз болғандығы баршамызға мәлім. Сондықтан, Абайды ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы деп танып білуіміз керек. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар.*

***3-жүргізуші:***

*Көп адам дүниеге бой алдырған,*
*Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,*
*Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,*
*Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -*

***деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге жол алып келеді.***

*– Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», – дейді президентіміз Кемелұлы Тоқаев.*

***1-жүргізуші:***

*– Абай ізінің кіршіксіз ақ жүрегін тербеткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетінен әр жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жарқын леп еседі. Ол – өткен заманның, кешегі түркі дүниесінің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды Абай лебі, Абай үні, дала тынысы - заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.*

***2- жүргізуші:***

***Жүргізуші Абайдың суретіне қарап:***

*Мына тұрған Абайдың суреті ме?*
*Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне.*
*Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған*
*Өр Абайдың төтеген кім бетіне? –*

*деп айтқан екен. Ендеше Ұлы Абайдың өмірінен сыр шертетін бейне рорликке назар аударайық!* ***(слайд көрсетіледі.)***

***1-жүргізуші:***

*Абай – қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгілері мен деңгейлес тұрғаны - білген адамға айқын шындық. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында «Абайдан асқан бұрынғы соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ»,- деп аса жоғары баға қояды.*

***2-жүргізуші:***

*– Әрине, Абай атамыз туралы айта беру артық емес. Бір қарағанда таныс тақырып, таныс бейне секілденгенмен, ол туралы білетініміз тым аз-*



*ау. Ұлылықтың сырына қанық болғымыз келсе, даралықтың қандай болатынын ұғынғымыз келсе, дана Абай әлемін шарлап қайталық, құрметті халайық!*

***Сахнада әуен ойнап тұр.***

***(Абай өлеңдерінің топтамалары)***

***1).*** *Алланың өзі де рас, сөзі де рас*
*Рас сөз ешуақытта жалған болмас.*
*Көп кітап келді алладан, оның төрті*
*Алланы танытуға сөз айырмас.*

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,*
*Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.*
*Адамзаттың бәрін сүй бауырым де,*
*Және хақ жолы осы деп әділетті.*

***2).*** *Жастықтың оты, қайдасың,*
*Жүректі түртіп қозғамай?*
*Ғылымның біліп пайдасын,*
*Дүниенің көркін болжамай?*

*Адамның тауып айласын,*
*Кісілікті ойламай.*
*Қаруын көңіл сайласын,*
*Қолға ол түспес бойламай.*

*Болмасын кекшіл,*
*Болсайшы көпшіл,*
*Жан аямай кәсіп қыл.*
*Орынсыз ыржаң,*
*Болымсыз қылжаң*
*Бола ма дәулет, нәсіп бұл?*

*Еңбек қылсаң ерінбей —*
*Тояды қарның тіленбей.*
*Егіннің ебін,*
*Сауданың тегін*
*Үйреніп, ойлап, мал ізде.*
*Адал бол – бай тап,*
*Адам бол – мал тап,*
*Қуансаң қуан сол кезде.*
*Біріңді қазақ, бірің дос*
*Көрмесең, істің бәрі бос.*
***3).*** *Білімдіден шыққан сөз*
*Талаптыға болсын кез.*
*Нұрын, сырын көруге,*
*Көкірегінде болсын көз.*

*Жүрегі – айна, көңілі ояу,*
*Сөз тыңдамас ол баяу.*
*Өз өнері тұр таяу,*
*Ұқпасын ба сөзді тез?*

***4).*** *Жүректе қайрат болмаса,*
*Ұйықтаған ойды кім түртпек?*
*Ақылға сәуле қонбаса,*
*Хайуанша жүріп күнелтпек.*

*Малда да бар жан мен тән,*
*Ақыл, сезім болмаса.*
*Тіршіліктің несі сән,*
*Тереңге бет қоймаса?*

***5).****Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*
*Әуре етеді ішіне қулық сақтап.*
*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*
*Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

*Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,*
*Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.*
*Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,*
*Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.*

(***Әже шығады.)***

***6).*** *Адамдықтың белгісі адалдық,*
*Жамандықтың белгісі арамдық*
*Әлсізді қорғаңдар!*
*Момынды қолдаңдар*
*Тоңдарың өзгерсе де,*
*Жандарың өзгермесін.*
*Істерің құбылса да,*
*Істерің құбылмасын.*

*Айтқан сөз бен істеген істеріңе мығым болыңдар!*

*Ешқашан, еш уақытта жан мен малды шатастырмаңдар балалар!!*

*Саусақ бірікпей, ине іліктпейді,*
*Байлық – байлық емес,*
*Бірлік – байлық!*
*Алты алаштың ынтымағынан артық не керек?!*
*Сіздерге ынтымақ-ырыс!*

***1-жүргізуші:***

*– Рахмет! Алдарыңызда өнер көрсеткен – кітапханамыздың оқырмандары, медицина колледжінің студенттері.*

***2-жүргізуші:***

*– Құлақтан кіріп, бойды алар,*
*Жақсы ән мен тәтті күй.*
*Көңілге түрлі ой салар,*
*Әнді сүйсең менше сүй, – демекші, келесі кезекті әнге берейік!*

***3-жүргізуші:***

*– Абайдың әні «Желсіз түнде жарық ай» орындайтын – кітапхана оқырманы.*

***2-жүргізуші:***

*– Абай – аудармашы. Абайдың әр өлеңі – бір әлем. Ақын өз өлеңдерінде замана тынысын, уақыт келбетін жан –жақты көрсетеді. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Бүгінде Абай поэзиясы әлем тіледрінде айтылып жүр. Ендеше кітапханамыздың оқырманы, "Жас толқын клубының" мүшесі, медицина колледжінің студенті Дана Мырзамсейтованың Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін үш тілде оқиды. Қабыл алыңыздар!*

***(Дана өлең оқиды.)***

***1-жүргізуші:***

*– Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?*
*Жырымен жан сусынын қандырған кім?*
*Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,*
*Мұра ғып, кейінгіге қалдырған кім?*

***2-жүргізуші:***

*– Ерте ояныn, ойланып, ержеткен кім?*
*Талабын тас қияға өрлеткен кім?*



*Құбажон, құбақан құм, құла қырда,*
*Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?*

***3-жүргізуші:***

*– Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?*
*Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?*
*Арманын атандырып келешекке,*
*Біздермен осы күнгі тілдескен кім?*

***1-жүргізуші:***

*– Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?*
*Жауына найза сөзін шанышқан кім?*
*Өзендей құйған барын көк теңізге,*
*Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?*

***2-жүргізуші:***

*– Қазір сергіту сәті болсын! Оқырмандармен диалог-сұхбат жүргіземіз.*

***– Абай кім? (бейнеролик)***

***Оқырмандармен диалог жүргізетін кітапханашы – Айнекен Байдешқызы.***

***Сұрақ жауап жүргізіледі. (Проектімен жұмыс.)***

***1-жүргізуші:***

*– Туғаннан дүние есігін ашады өлең,*
*Өлеңмен жер қойнына кіреді денең*
*Өмірдегі қызығың бәрі өлеңменен... –*

*деп Абай атамыз айтқандай, келесі сөз кезегін өлеңдер топтамасына берелік:*

***Ұлы кемеңгер Абайға арналған арнаулар***

***(Оқырмандар Абай өлеңдерінен топтамалар оқиды.)***

***2-жүргізуші:***

*– Орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир, грузиндер үшін – Руставели қандай ұлы құбылыс болса, қазақтар үшін Абай да – сондай теңдессіз құбылыс*

*Алдарыңызда "Жас толқын клубының" орындауында Абай аталарына арналған өлең жолдарына кезек берелік.*

***("Жас толқын клубы" шығып, Абай аталарына арналған өлеңдерін оқиды.)***

***3-жүргізуші:***

*– Әннің де естісі бар, есері бар.*
*Тыңдаушының құлағын кесері бар,*
*Ақылдының сөзіндей ойлы - күйлі.*
*Тыңдағанда көңілдің өсері бар, –*

*деп жырлаған Абайдың өлеңге, әнге қояр талабы мен талғамы өте жоғары болды. Ендеше әнге кезек берелік.*

***Ән: « Жарқ етпес қара көңілім не қылсада»***

***Орындайтын – "Саз" колледжнің студенті, кітапханамыздың оқырманы – Аманғалиев Баймырза.***

***1-жүргізуші:***

*– Абай атамыздың қара сөздерін нақышына келтіріп орындап жүрген оқырмандарымызда жетерлік. Олай болса Абайдың қара сөздерін нақышына келтіріп орындайтындар кітапханамыздың оқырмандары.* ***(Қара сөздер оқылады.)***

***1-жүргізуші:***

***Бүгінгі іс шарамыздың қонақтарына сөз кезектері беріледі..***



***Музыка қойылады***

***Ән:***

***Кітапханашылар барлығы сахнаға шығады.***

***Анар:***

*– Бар ғұмырын әдебиетке арнаған,*
*Ақиқаттың ақ жолынан таймаған,*

***Айдана:***

*– Ұлт пен тілдің болашағын көп ойлап,*
*Жас ұрпақтың ар - намысын қайраған!*

***Гүлайым:***

*– Абай жолы – даналықтың даңғылы,*
*Абай әні – адамзаттың жан нұры.*

***Айнекен:***

*– Абай – Алаш жұртының ар ожданы айбыны*
*Абай поэзия әлемінің жарқыраған ай күні.*

***Ақбаян:***

*– Абай – ұлылықтың шамшырағы*
*Абай – ізгілік пен тектіліктің бағдар шамы*

***Ақмарал:***

*Абай – бүгін мен болашақтың алтын діңгегі*
*Абай – елдік пен бірліктің мәңгі тірегі!* ***(Хормен)***

***Жүргізушілер:***

*– Барлығымыз хормен Абайдың "Көзімнің қарасы" әнін орындаймыз.*

***Барлық қатысушылар сахнаға шығады.***

*– Бүгінгі іс-шарамызға қатысып өз өнерлерін көрсеткен оқырмандарымызды марапаттау үшін, Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің*

*директоры Ғалия Өмірзақызын ортаға шақырамыз!*

ОҚЫРМАНДАР МАРАПАТТАЛАДЫ.

***1-жүргізуші:***

*– Абай әлемі – ұлы қазына, біз тек ақын өлеңдерінің аз ғана бөлігін қамтуға мүмкіндік алдық. Бүгін XXI ғасырдың басында біз Абайдың шығармашылығынан қазаққа қажет руханилықты табамыз.*

***2-жүргізуші:***

*– Бізден кейінгілер де өздеріне қажетін табатыны сөзсіз. Себебі Абай – адамзат ақылманы. Қатысушылар мен көрерменге өз алғысымызды білдіре отырып, біз сіздермен қоштасамыз.*

***3-жүргізуші:***

*– Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық! Келесі кездескенше, хош сау болыңыздар!*





**А.ИТЕМИРОВА,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің**
**Тілдер кафедрасының**
**аға оқытушысы.**

# ӨНЕГЕ

Дәстүрлі тәрбие беруде ата-бабаларымыз тек бүгінгі күнді ғана емес, ертеңгі болашақты да ойлаған. Баласының қоғамдағы орнын белгілеу үшін әке-шешесі барын салған. Тіпті, ұрпағының қамы үшін кіммен қан араластыруды да ерте күннен бастап ойластырып отырған. Ал, дүниеге келген сәби өзінің шаңырағының астында өзімен бірге туғандардың ықпалынан да, әке-шешесі мен ата-әжесінің тәрбиесі мен өнегесінен де шет қалған емес.

***Бұл күнде біздің балаға беретін тәрбиеміздің мәні өзгерген.*** Бұрын балаға *«сен, үлкен азамат боласың», «батыр боласың»* деп батырлар туралы жыр-дастандар мен ертегілер тыңдататын. Ол «батыр» болғанда атқаратын міндетін жастайынан бойына сіңіріп өсетін. Өмірге деген көзқарасы, түсінігі, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігі жастайынан сол арқылы қалыптасатын. Ал, қазір ше?.... Мүлдем олай емес. Балаларымызға *«әкім болады», «министр болады»* деп құлағына сіңіреміз. Болсын. Елге әкім мен министр де керек. ***Бірақ, шен алып, шекпен киюге жеткенде, атқаруы тиіс міндеттерді жастайынан санасына сіңірмейміз ғой. Баламыздың биіктен көрінгенін қалаймыз да, сөйте тұра «мансапқа жетсең адал бол, халқыңа қызмет ет, дәстүр-салтыңа басыңды и,***

***өнеріңді құрметте, әдебиетіңді сүй» деп айтпаймыз. Сол ұдайы айтылмаған бір ауыз сөздің салдарынан қазір қоғамда жүріп жатқан «жемқорлықпен күрес» ұдайы жеңіліс табуда.***

Бала әбден есейгенде, ер жеткенде барып *«... Отаныңды сүй, халқыңа қызмет ет»* дейміз. *«Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап»* деген. Жастайынан құлағына құйып, санасына сіңірмеген өзімшіл азамат мұндай тәрбиені қабылдай алмайтыны заңдылық. Үйде ата-ана айтпағаннан кейін, мектептегі мұғалімнің аптасына қырық минут, университетте оқытушының екі аптада бір рет айтқаны не болмақ?! ***Дәл қазіргі уақытта біздің жанымыз рухани жұтаң екендігіне ешкім дау айтпас.*** Ол күнделікті өмірде көрініп-ақ тұр. Қазіргі менменшіл жастарда өзімде ғана болса екен дейтін эгоисттік мінез қалыптасқан. Көптің қамын жемесе де, тілеуін тілеп жүрген адам некен саяқ. Көп балалы отбасынан шыққан, аға-апайларымен, іні-қарындастарымен тығыз араласып, атасы мен әжесінің тәрбиесін көрген, жақсы ұстазға жолыққан көпшіл жан болмаса, олардың бойынан Отанды сүю, ұлтжанжылық, халыққа қызмет ету деген сияқты мінезді байқау өте қиын. Өйткені, ондай қасиеттер оның жанына сіңірілмеген.

***Жер қайысқан қалың қолға қарсы тұруға жүрегі дауалаған Б.Момышұлының немересіне ертегі айтып бере алмайтын ата мен әжелерден үрейленген қорқынышы бүгінгі күні өз жемісін беріп тұр. «Не ексең, соны орасың» деген халық даналығы.***

***Ішімізден шығып жатқан жемқорлар мен сатқындар, алаяқтар үшін кімге өкпелейміз?! Олар сырттан келген жоқ қой. Өз ортамыздан шықты. Солай етіп қалыптастырған да, тәрбиелеген де – өзіміз. Ендеше көнуге, әрі күресуге тура келеді. Үзілген дәстүрді шама келгенше орнына келтіріп жалғастыру керек. Өйткені, кешегі күні көңіл бөлінбей, ескерілмей қалған тәрбие жүйесі бүгінгі күні бүкіл болмысымызды, қоғамды өзгертіп тұр.***

Әйел теңдігі деген желеумен аналарымыз ер азаматтардың орнына жұмыс атқарды. Бала тәрбиесіне бөгде адамдар араласты. Араласты емес, солар тәрбиеледі. Бала өзінің туған әке-шешесіне жатбауыр болды. Сол социалистік құрылыстың барысында көптеген жетімдер үйі мен карттар үйі бой көтерді. Қартайған әкеміз бен шешемізді сол үйлерге қуана-қуана апарып, қиналмастан өткізетін жағдайға жеттік. Ішімізден шыққан жас шақалақты аналық сезіміміз селт етпестен, дәретханаға немесе қоқыс жәшігіне тастай салатын болдық. Себеп біреу ғана – санамыз уланды. Жүрегімізде жылылық, санамызда сәуле қалмады. ***Өмір өзі үйретеді деген пікірден аулақ кететін уақыт жетті. Өмірдің өз заңы бар. Ол қаталдыққа, қатыгездікке, алаяқтыққа, дүниеқоңыздыққа, мансапқорлыққа үйретеді. Өмірден жеген таяғың сені адамгершілікке, жомарттыққы, мейірімді, қайырымды болуға баулымайды. Ал, жүрегінде жалпақ жұртқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамдармен мәдениетті, дамыған қоғам құру мүмкін емес.***

Біз бойымыздағы көптеген жақсы қасиеттерді жоғалтып алғанымыз рас. Оны мойындауымыз керек. Бұрын ер адамды «азамат» деп құрмет тұтатын. Қазір

ер адамға көрсетілетін құрметте, сондай құрметке тұрарлық азаматтар да тым сиреп кетті. Бұрын қол алсып уәде берсе, ол бұзылмайтын. Қазір екі жақты келісімшарт жасасып, мөрін басысып тұрып, бірін-бірі сазға отырғызып кететіндер көбейді. Бұрын *«мұсылман баласы ғой»* деп танымайтын біреуге жанашырлық танытып қол ұшын берсе, бүгінде біреудің қолымен от көсейтін болдық. Оның аққөңілдігін, білімсіздігін, қала берді адамгершілігі мен сенгіштігін пайдаланып, оны орға жығып, өзіміз молшылыққа кенелетін болдық. Берген сөзден тану, ардан аттау деген біз үшін үйреншікті әдет болды.

Қоғамда неғұрлым жемқорлар мен ұры-қарылар, алаяқтар мен өтірікші-өсекшілер көбейген сайын ол тез шіріп, біреуге жем болатыны ақиқат. Халқының мүддесін бүгінгі күні ақшаға айырбастағандар жиған дүние-мүлкі ертең басқа біреудің иелігінде болатынын білсе ғой шіркін...

***Елім, жерім, тілім, ұлтым деген ұлтжанды адамдарға көрсеткен қолдауымыз болсын, үйдегі бала тәрбиесіне көңіл бөлейік!***



**Қ.ДҮРІМБАЕВА,**
**Алматы қаласындағы**
**№167 жалпы білім**
**беретін мектептің бастауыш**
**сынып мұғалімі.**

# ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Біз осы тәмсілді ұдайы пайдаланғанмен, мағынасына тереңірек үңілмейтініміз анық. Тіршілік қамы деп жүріп бала тәрбиесін естен шығарып алатын да кездеріміз жоқ емес. Өмір өзі үйретер деген де жеңіл көзқарас бар. Бірақ осы жауапсыздығымыз өзіміздің ертеңіміз, қоғамның болашағы екендігін ескермейміз. Кім де болса заңдары үстемдік құрған, экономикасы дамыған, қоғамы мәдениетті елде өмір сүргісі келетіні анық. Алаңсыз өмір сүргіміз келеді, бірақ сол үшін уақыт бөліп жұмыс істегіміз келмейді.

Қазіргі уақытта біз ата-бабаларымыздың дәстүрлі тәрбие ісінен қол үзіп қалдық. Баланы жастайынан көтеріп жүріп өнеге көрсететін, ертіп жүріп еңбекке баулитын уақыт алыстап кеткен сияқты. Қоғам дамыды, тұрмыс жеңілдеді, халықтың көпшілігі қалаға шоғырланды дегеніміз өзімізге жақсы болғанмен жас ұрпаққа берері шамалы болып тұр. Әкесінің жанында жүріп шөп шауып, мал бағып, отын-су дайындайтын, шешесінің жанында жүріп, ас әзірлеп, көрпе, жастық тігетін жас ұрпақ кездессе, қазір – мыңнан біреу. Әйтпесе, одан да аз. Себебі сол, кәсіп өзгерді. Бұрынғыдай қауымдасып өмір сүруден кеттік. Әр кім өз бетінше жеке, бөтен ортада, бөгде адамдармен қызметтес. Ешкім ол жерге баласын ертіп барып кәсіпке баули алмайды, тәрбие бере алмайды. Ертеңгі ер азамат қолына балға, балта, кетпен ұстап үйренсін

дейін десең, бұл күнде қала түгілі ауылдың өзінде балта ұстап шабатын, кетпенмен суаратын егін де қалмады. Оған біздің жақсы тұрмысымыз кінәлі...

***Осындайда еріксіз күлкініңіз келеді. Біздің бала кезімізде әке-шешеміз асық ойнап, ләңгі тепкеніміз үшін ұрсатын еді. Қазір соны ойната алмай қор болдық. Балаларда қимыл жоқ. Шұқшыйып телефонда, қадалып компьютердің алдында отырады. Не сабақ қарамайды, не әдеби кітап оқымайды. Тек электронды ойын болса болды. Ал, ондай бала он сегізге келгенде, қандай азамат болады, қандай отанқорғаушы болмақ. Әлжуаз, бос белбеу, мінезі жасық, еш кәсіпке бейімсіз, қоғамның масылы болары анық.***

***Үйдегі қара жұмыстың өзі бала тәрбиесінде маңызы зор екендігіне мән берген жөн. Ол өзінің қоғамға керек екендігін сезіну керек. Істеген жұмысының қоршаған ортасына пайдасы тисе ол, сол жерде өзінің орны бар екендігін сезінетіні қақ. Сондықтан да, баланың тұлға болып қалыптасуында еңбектің орны ерекше. Ата-анасына тигізген қолғабысы арқылы ол масылдық санадан арылмақ.***

Қаланың жағдайында әрине ***"балаға не істетуге болады?"*** деген сұрақ туатыны заңды. Ауылдағыдай мал суарып, жем беретін емес. Отын жарып, от жақпайсың. Бұлақтан су әкелмейсің. Бәрі – үйдің ішінде. Бірақ, қаладағы үйде де сүртетін шаң, қағатын кілем, жуатын еден бар ғой. Баланы неғұрлым еңбекке баулудың амалын қарастыру керек. Біз қазіргі уақытта не болса соған арнайы маманды шақыруды әдет еттік. Есіктегі құлып бұзылып қалса, ұстаны, су ақпай қалса, сантехникті шақыру – ең дұрыс шешім сияқты көрінеді. Әйтпесе, кез-келген ер адам сол құлыпты ауыстыруға



болады ғой. Сол сияқты келген сантехник те – адам. Егер балаңызды қасыңызға көмекші етіп алып, өзіңіз жасасаңыз, оған көрсеткен өнегеңіз, үлгіңіз емес пе?! Арырақ ойласаңыз, балаңызға берген тәрбиеңіз, өмірге, тұрмысқа бейімделуге көрсеткен көмегіңіз – осы. Ол шаруаның ретімен танысып, істің пайдалы екендігін ұғынады. Қызықтыра білсеңіз, оған тереңдеп ден қояды. Балаңызбен жақын араласасыз. Оның өмірге деген көзқарасын, қандай мамандыққа бейім екендігіне көз жеткізесіз. Өмірін танисыз. Тіпті болмаса, кез-келген қала тұрғынының жер үйде тұратын туған-туысы, таныстары бар. Солардың үйіне барып қолғабыс жасаса – ол да тигізер пайдасы мол игілікті іс.

*"Оған уақыт керек, жұмыстан қол босамайды, енді жетпегені сол еді біреудің үйіне барып жұмысыңды істеп берейін деп жалынамын ба"* деген кертартпа пікірді ысырып қойып, балаңның болашағы үшін алдына мақсат қойып, соған жетудің жолында еңбектену керек. Ниет етсе, бәріне де қол жеткізуге болатынына сенімім зор. Бұл балаңа көрсеткен өнеге болып есептеледі. Біріншіден оған еңбек арқылы тәрбие берсең, екіншіден балаң көз алдыңда. Ойыңды не боп қалды, бірдеңе бүлдірген жоқ па, жаман қылықтарға әуес емес пе деген сұрақтар мазаламайды. Әрі бала ерте есейеді. Үлкендердің сөзін тыңдап, істерін көріп, тәлім алып өседі.

Ағайын-туыстың балаларымен тығыз қарым-қатынаста болып, оларды танып өседі. Бұл – қай жағынан қарасаңда, тиімді іс.

Болмағанда, балаңызды ертіп күнделікті серуенге шықсаңыздағы, бұл – оған бөлінген көңіл. Қатар жүріп келе жатып та, ата-ана баласының санасына көп нәрсені сіңіре алады. Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарға

мән беріп, мысалға келтіру арқылы баланы жақсылыққа баулып, жамандықтан сақтандыруға, адами қасиеттерге үйретуге болатынына күмән жоқ.

***Біз бүгін қарыны тоқ, жатар орыны жайлы, көйлегі көк болғанына масаттанамыз. Ертеңі не болатынына ой жүгіртпейтініміз анық. Кәсіпке, өмірге бейімдемейміз. Оның тұлға болып қалыптасуына ықпал етуге не уақытымыз жоқ, не мойнымыз жар бермейді.***

Бала туа салысымен өзі ер жетіп, өзі ақылды да, парасатты, білімді азамат бола қалатын сияқты қараймыз. Мектепке барғанына мәз боламыз. Мектептің де берері жоқ емес. Қоршаған ортаның ықпалын ешкім жоққа шығара алмас. Бірақ *"Адамның жақсы болмағы, ол алдымен жақсы ата-анадан, жақсы жолдастан" деген, содан кейін барып "жақсы ұстаздан"* деген жоқ па Абай?! Ендеше, баламызды "жақсы адам" қатарына қосқымыз келсе, өзіміз алдымен "жақсы ата-ана" қатарынан табылуға тырысуымыз керек. Баламыздың досының жақсы болуын қадағалаған жөн. Тек содан кейін ғана "жақсы ұстаздан" бірдеңе дәметуге болады деп ойлаймын. Әйтпесе, көп ата-ананың ағашты көктемде отырғызып, күзде жеміс жинағысы келетіні жасырын емес.

Бала тәрбиесіне ер жеткенде емес, сәби жарық дүние есігін ашпай тұрып көңіл бөлген дұрыс.

Егер мемлекетіміз әлемдегі өзге елдермен терезесі тең болып, ұрпағымыз адамша өмір сүрсін десек, балаларымыздың бойына жігер, қайрат, құлшыныс сіңіре білуіміз керек. Бойында білім мен ғылымға құштарлық болмаса, алдына мақсат қоймаса ол қалай ұлт болашағы болмақ?! Осы сұрақ тұтас қоғамды ойландыруы тиіс.





**Ш.Е. КАКЕНОВА,**
**Т.Айбергенов атындағы**
**орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәндерінің мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Миялы ауылы

# Т.АЙБЕРГЕНОВ “САҒЫНЫШ” ӨЛЕҢІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттар:** | **Т/Ж 9.1.4. 1** - көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;<br>**А/И 9.2.3. 1** - шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. |
| | **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. |

| | |
|---|---|
| | Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. |
| | **Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:** Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Бағалау критерийлері:** | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| **Тілдік мақсат:** | шығармадағы әдеби тілді құбылту (троп) түрлерін талдау: |
| **Алдыңғы оқу:** | Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңін мәнерлеп оқу. |
| **Құндылық-тарға баулу:** | Туған жерді сағыну, аңсау. |
| **Пәнаралық байланыс:** | Қазақ тілі, музыка,тарих. |

| **Жоспарланған уақыт:** | **Жоспарланған тапсырмалар түрлері** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың барысы (7 мин.)** | **I. Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа назарларын аударып, топқа бөлу және үй тапсырмаларын сұрау. | **Қима қағаздар** |



| | | |
|---|---|---|
| | **II. Психологиялық ахуалды қалыптастыру. «Жұлдыз жорамал» тренингі** ұйымдастырылады. **Орындау шарты:** Оқушылар Тақ сандар және жұп сандар жазылған қима жұлдыз қағаздарын алып, орындарына отырады. **Қағаздың артында *«Бүгін мені сәттілік күтіп тұр», «Мен сабақты өте жақсы түсінемін»*** деген жорамалдар болады. Содан кейін оқушылар жорамалды оқып, бір-біріне сәтті күн тілейді, ынтымақтастық қатынас орнатылады.<br>**III. Топқа бөлу.** Оқушылар жорамалдағы сөздермен топқа бөлінеді.<br>**IV. Үй тапсырмасын орындау.** Оқушыларға үйге берілген 3-тапсырма тексерілді.<br>**Дескриптор:** *Т.Айбергеновтің өмірі мен шығармашылығын жетік таниды. Тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап бере алады.* | **Қима қағаздар**<br><br>**Дәптер** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қалыптастырушы бағалау:** Мадақтау сөздері арқылы оқушыларды ауызша бағалаймын. **Мен:** Оқушылардың үй тапсырмасын орындауын бағалай отырып, әр оқушыға 4 гүл шоғын беремін. Гүл шоғының артына ***«Сабақта белсенділік танытып, өте жақсы жұмыс жасаңыздар. Сәттілік!»*** – деген сөйлем жазып қоямын. Әрі қарай өздері жалғастырып отырады. Әр тапсырманың соңында қолдарындағы гүл шоғын ***«Ең үздік белсенділік танытқан»*** оқушыларға беріп отырады. Өздерін осылай бағалайды. Сабақтың соңында ең көп гүл шоғын алған оқушылар ***«үздік»*** болады. | |
| **Сабақтың ортасы (27 мин.)** | **V. Жаңа сабақ.** **Мұғалім сөзі:** – *Оқушылар қазір біз бүгінгі сабақтың мақсатын анықтап алайық. Қалай ойлайсыңдар бүгінгі сабақтың мақсаты не?* | |



| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар Т.Айбергеновтің өмірі мен шығармашылығын жетік таниды. Тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап бере аламыз – деген жауаптар күтіледі. **Мұғалім сөзі:** – *Жақсы, оқушылар. Дәптерімізді ашып, бүгінгі күннің жадын жазайық. Ақпан айының жиырма сегізі.* ***Сабақтың тақырыбы: Т.Айбергенов. «Сағыныш» өлеңінің көркемдік ерекшелігі.*** **5.1. Жұптық жұмыс. Кітаптағы 6-тапсырма.** Өлең құрылысының ерекшелігіне назар аудар.Берілген шумақтарды құрылысына қарай талда. Оқушылар жұптасып орындайды. Дәптерге орындайды. **Дескриптор:** *Өлең құрылысын толықтай талдай алады.* **Қ.Б: «Үздік жұмыс жасаған»** оқушыға гүл шоғымызды тілегімізді жазып берейік. **5.2. Топтық жұмыс. 1- топ: Кітаптағы 7-тапсырма.** Өлеңдегі автор бейнесін және оның ішкі сезімін білдіретін сөздерді теріп, кестеге толтыр. | **Слайд** **Тақта** |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар топпен орындайды. Сызба қағазға орындайды. **2-топ: Кітаптағы 2-тапсырма.** Ақын өлеңіндегі сағынышты өздеріңнің басыңдағы сағынышпен салыстырып, пікіріңді өлең немесе қара сөз түрінде жазып, топтан біреуіміз постер қорғайық. Оқушылар топпен орындайды. Өздері Сызба ретінде жазып, орындайды. **Дескриптор:** *Өлеңді толықтай талдай алады және жобаларын қорғайды.* **Қ.Б: «Үздік жұмыс жасаған»** оқушыға гүл шоғымызды тілегімізді жазып берейік. **VI. Сергіту сәті.** Оқушыларға Т.Айбергеновтің сөзіне жазылған «Атамекен» әні қосылады. Оқушылар бірге ән айтып сергиді. **5.3. Жеке жұмыс. Кітаптағы 9-тапсырма.** Өлең мазмұнын қарасөзбен көркемдеп айтып беріңдер. | **Кітап пен дәптер** **Қима қағаздар** **Слайд** |



| | | |
|---|---|---|
| | Өлең идеясын басшылыққа ала отырып, екі шумақ өлең шығарыңдар. Оқушылар жеке орындайды. Дәптерге орындайды. **Дескриптор:** *Өлеңді толықтай түсініп, өз ойларынан өлең шығарады.* **Қ.Б: «Үздік жұмыс жасаған»** оқушыға гүл шоғымызды тілегімізді жазып берейік. **5.4. Топтық жұмыс. 1-топ: Кітаптағы 8-тапсырма.** Т***опта троп (құбылту) түрлерін*** талдап, автордың стиль ерекшелігіне баға беріп, кестеге толтыр. Оқушылар топпен орындайды. Кесте қағазға орындайды. **2-топ: Кітаптағы 8-тапсырма.** ***Топта фигура (айшықтау) түрлерін*** талдап, автордың стиль ерекшелігіне баға беріп, кестеге толтыр. Оқушылар топпен орындайды. Кесте қағазға орындайды. **Дескриптор:** *Өлеңді толықтай талдай алады және жобаларын қорғайды.* **Қ.Б: «Үздік жұмыс жасаған»** оқушыға гүл шоғымызды тілегімізді жазып берейік. | **Дәптер** **Кесте қағаздар** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы (6 мин.)** | **VII. Рефлексия.** Кемені бояу арқылы бүгінгі сабақтағы қатынастарын өздері анықтайды. Және түсіндіріп өтеді. Гүл шоғы саналып, ең көп гүл шоғын жинаған оқушылар ауызша мадақталады.  **VIII. Үй тапсырмасы. 10-тапсырма. «Ақын сағынышы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.** Эсседе ақынның сағынышты қандай көркемдік тәсілдер арқылы бергенін анықтап көрсетіңдер. **IX. Бағалау.** | |



**П.С. АЛИМБЕКОВА,**
**Мұхтар Әуезов атындағы**
**мектеп-гимназиясы.**
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы

# МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ “БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ”

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **8.1.1.1** Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау. **8.2.4.1.** Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу. |
| **Сабақтың мақсаты** | • Шығарманың тақырыбы мен идеясын аша алады, шығармадан алған үзінділерді өңдейді; • Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, прологтарды анықтайды, үзінділерді қайта өңдеп жазады; • Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтайды. Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийі** | • Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтайды;<br>• Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** «тамам болу, жамағат, қатасыз, шаңырағына қобыз тарту, мазмұна» сөздерінің мағынасын түсінеді. |
| | **Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.** *Сен Жамалдың орнында болсаң не істер едің?*<br>**2.** *Біз зайырлы қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ұлттық құндылық тұрғысынан шығарманы қалай аяқтар едің?*<br>*Не себепті .... деп ойлайсыз?*<br>*Сен Жамалдың орнында болсаң не істер едің?*<br>*Сәрсенбайдың іс-әрекетін қалай түзетер едің?* |
| | **Ишара:** |
| **Құндылық-тарға баулу** | Өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық. |



| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, 5-сынып |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романын оқып келу. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**2 мин.**<br><br>**3 мин.** | **КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:**<br>**1.** *Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау.*<br>**2.** *Оқу құралдарын тексеру.*<br>**3.** *Түсті қағаздар арқылы 3 топқа бөлу.*<br>**ШИРАТУ ЖАТТЫҒУЫ:**<br>**«Сыйлық» әдісі.** А4 парағына үй тапсырмасы бойынша сұрақтар жазып, ортасына сыйлықтар салу. Жауап берген бала сыйлыққа ие болады.<br>**1.** ***«Бақытсыз Жамал»*** *романы* | **Түсті қағаздар**<br><br>**Сұрақтар жазылған А4 парағы** |

| | | |
|---|---|---|
| | *қандай оқиғаларды суреттеуден басталады?*<br>**2.** *Шығармадағы басты кейіпкерлер кімдер?*<br>**3.** *Бұл неліктен қазақтың тұңғыш романы болып саналады?*<br>**4.** *«Тамам болу, жамағат, қатасыз, шаңырағына қобыз тарту, мазмұна» сөздерінің мағынасы қандай?*<br>**КІРІСПЕ: Оқу мақсатымен таныстыру.**<br>**8.1.1.1** Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау<br>**8.2.4.1.** Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.<br>**Бағалау критерийі:**<br>• *Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтайды;*<br>• *Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады;*<br>• *Шығарманы композициялық құрылысына қарай талдайды.* | **Таныс-тырылым-мен жұмыс** |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ-тың ортасы 5 мин.** | **ДАМУ:**<br>**Саралау тапсырмасы. «Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі.**<br>**Тапсырма қадамдары:**<br>*-шығарманы композициялық құрылысына қарай талдайды;*<br>*- пролог пен эпилогті ажыратады.*<br>**Дескриптор:**<br>*- шығарманы композициялық құрылысына қарай талдайды;*<br>*- пролог, эпилогтарды ажыратады.*<br>**Өзара бағалау:** тапсырманың орындалу қадамдарына сай ауызша кері байланыс береді. | **Ин-тер-бел-сен-ді тақта** |
| **12 минут** | **Топтық жұмыс.**<br>**«Айналмалы бекет» әдісі.**<br>-роман кейіпкерлері туралы кесте толтырады.<br>[Тақырыбы \| Идеясы \| Кейіпкерлері \| Мінездеме \| Портреттік сипаттамасы \| Іс-әрекеті]<br>**Дескриптор:**<br>*-Шығарманың идеясын ашады.*<br>*-кейіпкерлері туралы мәлімет береді.*<br>*- кейіпкерлерге мінездеме береді.*<br>*-кейіпкерлердің портреттік сипаттамасын тауып жазады.*<br>*-кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді.*<br>**Әр топ өздеріне қайтып келген кестелеріндегі ескертпелерді оқи отырып, өзін-өзі бағалайды.** | **Флип-чарт, түрлі-түсті мар-кер-лер** |

| Тақы-рыбы | Идея-сы | Кейіп-керлері | Мінез-деме | Портреттік сипаттамасы | Іс-әрекеті |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **15 мин.** | **Эссе.**<br>**Тапсырма алгоритмі:**<br>*- берілген сұрақтарға жауап береді;*<br>*- шығармадан алынған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады.*<br>**Сұрақтар:**<br>**1.** *Сен Жамалдың орнында болсаң, не істер едің?*<br>**2.** *Сәрсенбайдың іс-әрекетін қалай түзетер едің?*<br>**3.** *Біз зайырлы қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ұлттық құндылық тұрғысынан шығарманы қалай аяқтар едің?*<br>**Дескриптор:**<br>*- сұрақтарға нақты жауап береді;*<br>*- үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады;*<br>*- эссенің құрылымы сақталады.*<br>Жазған жұмыстарын топта оқиды, ең үздік деген бір жұмыс **«Автор орындығы» әдісі** арқылы сыныпта оқылады. Өзге топтар дескриптор негізінде **«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен** баға береді. | **Эссе жазуға арналған парақ-шалар, автор орындығы**<br><br>**«Мәңгілік Ел»** |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың аяғы**<br><br>**3 минут** | **БҮКІЛ СЫНЫП ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫС:**<br>**Кері байланыс**<br>**1.** *Менің білгенім;*<br>**2.** *Менің қолымнан келді;*<br>**3.** *Мен үшін қиын болғаны;*<br>**4.** *Маған ұнаған іс-әрекет.*<br>**КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:**<br>**Үйге тапсырма:** Романды толықтырып оқу, автор шығармашылығы туралы қосымша іздену. | **Кері байланыс парағы**<br><br>**Қазақ әдебиеті хресто-матиясы** |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау** – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік; АКТ-мен байланыс; құндылық-тармен байланыс (тәрбие элементі)** |
| **«Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі** кезінде | **1.«Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі** кезінде топтар | **1.** Оқу құралдарының қауіпсіздік ерекшелігі |

| | | |
|---|---|---|
| топтық, жұптық жұмыс жүреді. **Барлығы:** қабілеті төмен оқушыға жұптық жұмыс кезінде қолдау жасалады. **Басым бөлігі:** топ мүшелеріне сөз тіркестерін ұсыну арқылы мұғалім қолдау жасайды. **Кейбіреуі:** бағыттаушы сұрақтар арқылы мұғалім қолдау жасайды. Диалог және қолдау көрсету бойынша саралау жүреді. **«Айналмалы бекет» әдісі** кезінде барлық оқушылар тартылады. Қателескен оқушыға сөз тіркестерін ұсыну арқылы қолдау көрсетемін. Оқыту ортасы бойынша саралау жүреді. Эссе жазу кезінде жеке жұмыс жүргізіледі. Жетелеуші сұрақтар ұсыну арқылы қолдау көрсетемін. Бұл жерде сабақтағы жылдамдық бойынша саралау жүреді. | бір-бірін дескриптор арқылы бағалайды. **2. «Айналмалы бекет» әдісі** кезінде топтар өзін-өзі бағалайды. **3. «Автор орындығы» әдісі** кезінде тапсырманы орындау және оқуын қолдау үшін **«Екі жұлдыз, бір тілек»** арқылы өзара бағалау жүреді. **4. Мұғалім тарапынан ауызша кері байланыс;** Мұғалімнің сыныпты аралап жүріп бағалауы жүреді. | туралы ескерту. **2.** Таныстырылыммен жұмыс. **3.** «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының 3-ші құндылығы. Зайырлы қоғам және жоғары рухaният: өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық. |



**Ж. Б. АБДИРОВА,**
**М.Мирманов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ “ЕГІННІҢ БАСТАРЫ” МЫСАЛЫ. ӘКЕ ӨСИЕТІ. АХМЕТ АТАҒА ХАТ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **5.1.3.1**-көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; **5.2.4.1**-көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат,өлең жазу |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат, өлең жаза алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Көркем шығармадан алған әсерін сынып алдында талдайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап өлең жолдарын құрастырады. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | -Алған әсерін өз сөзімен сипаттап жеткізе алады.<br>-Кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат, өлең жазады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** егінші, бала бидай, дәнге толу, тәкаппарлық, шекірею, бүгілу, иілу, қалпы. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1).** *Бидай арқылы қандай адамның мінезі берілген?*<br>**2).** *Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме?*<br>**3).** *Бастары дәнге толы бидайлар неге тағзым етіп тұр?* |
| | **Ишара:** Көркем шығармадан қандай әсер алдыңдар, не байқадыңдар? Өз ойларыңды шағын эссе түрінде жазыңдар. |
| **Құндылық-тарға баулу** | *«Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» және «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» сияқты ұлттық немесе жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу. А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын оқу арқылы іске асырылады.* |



| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет, өзін-өзі тану, биология. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Ақын шығармашылығын оқу, көркем шығарманы жаттау, мәнерлеп оқу. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин.** | **Оқушылармен амандасу.**<br>Оқушыларды ортаға шығарып, **«Көршіме мінездеме» атты сергіту сәтін** өткізу.<br>(Әр оқушы көршісінің бір жақсы мінезін, бір нашар мінезін айтады.)<br>Оқушыларды алдын-ала бөлінген тобымен топтасып отырғызамын.<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**Білу. «Сұрақ жауап» әдісі** арқылы А.Байтұрсынұлы шығармашылығына шолу жасау. | **Кеспе қағаздар** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сұрақтар:**<br>**1.** *А. Байтұрсынұлы кім?*<br>**2.** *А.Байтұрсынұлының қандай еңбектері бар?*<br>**3.** *Мысал дегеніміз не, онда қандай тұжырымдар айтылады?*<br>**4.** *А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» мысалын кімнен аударған?*<br>**5.** *Ақынның «Қырық мысалына» қандай шығармалары енді?* | |
| **Сабақтың ортасы 30 мин.** | **1-тапсырма Түсіну. «Тізбектеп оқу» әдісі.** Әр топқа номер суыртамын. Сол номер бойынша мысалды топтар бөліп алып, жатқа айтады.<br>**Сұрақтар:**<br>**1.** *Шығармада әкесі мен бала қайда келеді? Олар нені көреді?*<br>**2.** *Жалғыз бидай өзін қалай ұстайды?*<br>**3.** *Баласы әкесіне қандай сұрақ қойды?*<br>**4.** *Әкесі қалай жауап берді?* | **Жеке суреттер** |



| | | |
|---|---|---|
| | **5.** *Неліктен баланың көзі жалғыз бидайға түсті?*<br>**6.** *Неліктен ақын: «Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді, Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді. Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді, – деген жауапты келтіреді. Тәкаппарлық дегенді қалай түсіндіресіңдер?*<br>**Дескриптор:**<br>*-Мысалды жатқа айтады.*<br>*-Мазмұны бойынша сұрақтарға нақты жауап береді.*<br>*-Өз ойын еркін жеткізеді.*<br>**2-тапсырма. Талдау. «Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі**<br>Топтық жұмыс.<br>Талдау. | |

**1-топ. «Венн диаграммасы»** «Қарапайымдылық пен тәкаппарлық»

**Жинақтау.**
**2-топ. Мінездеме беру. «Тағзым еткен бидай» мен «Көкке қараған бидай»**

**Қолдану.**
**3-топ.**
Ақынмен сұхбаттасу үлгісін ұсыну немесе сахналық көрініс қою.
Баға беру.
**4-топ.** *Мысалда қандай теріс мінез, қасиет сынға алынған, мысал мазмұны бізді қандай болуға үйретеді? Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме? Мысал келтір.*
**Дескриптор:**
*- Шығармадағы жағымды, жағымсыз әрекеттерді салыстыра алады.*
*-сахналық қойылымды орындай алады,*
*-шығармадағы айтылған негізгі ойды түсінеді, адам*



*өмірімен байланыстыра алады.*

**Саралау жұмысы:** Тапсырманы шамалы түсінген оқушыларға тапсырма беремін.
**Тапсырма.**
**1.** *Мінездің түрлері: еңбекқор, сотқар, ерке, шыншыл, ашуланшақ, талапшыл.*

| Жақсы жағы | Нашар жағы |
|---|---|

**2. Берілген сөйлемдердің ішінен өсиет сөздерді тауып белгіле.**
**1.** *Ән – көңілдің ажары.*
**2.** *Білімді, кәсіпті жас кезіңде меңгер.*
**3.** *Жасыл шөп – малға жайлы.*
**4.** *Досыңа әрқашан адал бол.*
**5.** *Үлкендерді құрметте, батасын аласың.*
**6.** *Нан ұсағын шашпа, обал болады.*

**3-тапсырма.**
**Ахмет атаға хат не өлең шығару.**
**(Оқушылардың бәрі орындайды.)**
**Дескриптор:**
*- ақынға шығармадағы негізгі тұжырым негізінде ойын ашық*

| | | |
|---|---|---|
| | *айтып, хат жаза алады.*<br>*- ойын еркін, көркем тілмен жеткізеді.*<br>*- хат үлгісін сақтайды.* | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**5 мин.** | **«Өсиет ағашы»**<br>Адамға денсаулық, адамның дене бітімі, жүріс-тұрысы осының бәрі ата тегінен беріледі. Олай болса, адамдарды ағаш деп елестетіп көрейік.<br>*– Мына ағаштың тамырын,діңгегін ата тегіміз деп, ал бұтақтарын өзіміз деп елестетейік.*<br>*Ендеше бұл ағаш әдемілене түсу үшін не жетіспейді? Әрине, жапырақтар. Олай болса, мына жерде жақсы, жаман мінездер жазылған жапырақтар жатыр. Соның ішінен жақсы мінездерді алып жапсырайық.*<br>*Балалар, сіздердің бойларыңнан да осындай мінез-құлықтар болса, әрқашан осы ағаштай жайқалып, айналадағы адамдарға қуаныш сыйлап жүресіңдер.* | |



| | | |
|---|---|---|
| | **Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.**<br>**Кері байланыс:**<br>**1.** *Сабақ барысында көңіл-күйлеріңіз қандай болды?*<br>**3.** *Сіз үшін не жаңалық болды?*<br><br>**2.** *Бүгін не білдіңіз? Не үйрендіңіз?*<br>**4.** *Сабақта сіз үшін қиындық болды ма?*<br>**5.** *Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?*<br><br>**Үйге тапсырма: «Мен қандай оқушымын?» тақырыбында эссе жазу.** | |



**Б. Р. БАТЫРОВА,**
**Қ.Сәтбаев атындағы**
**орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәндерінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы,
Тасқала ауылы

# ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

| | |
|---|---|
| **Жалпы мақсаттар** | Оқушыларды төрт түлік түрлерімен таныстыру, олардың төлдерін қалай шақыру керектігін, атасын, оларды бағатын адамдардың қалай аталатынын сәйкестендіру тестісі арқылы орындату, өлеңді түсініп, мәнерлеп оқуға үйрету. |
| **Топқа бөлу** | **3 топқа тапсырма:**<br>**1-топ:**<br>*– Бұл ертегіде не ұнады?*<br>**2-топ:**<br>*– Бұл ертегіде не ұнамады?*<br>**3-топ:**<br>*– Сен болсаң, не істер едің?*<br>**Өтілген ертегілерді жүйелеу** |



| | | |
|---|---|---|
| | **(сызбамен жұмыс). 3 топқа бөлінген ертегілерді аттарын дауыстап оқу.** | |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | *Орманда кірпі келеді,*<br>*Саңырауқұлақ тереді.*<br>*Кездесті, міне, керегі:*<br>*Екеуі қайың астынан.*<br>*Біреуі терек қасынан.*<br>*Қанша олар болмақ есепте,*<br>*Тоқылған салса себетке?* | Оқушылар мұғаліммен қосылып тақпақты айтады. |
| **Үй тапсырмасын сұрау** | Үй жұмысы дәптерлерін тексеру. | |
| **Мағынаны тану** | **Оқулықпен жұмыс.** Жұмбақты оқып, шешуін табу. Мақал-мәтел оқу. Мағынасын түсіндіру. Қой туралы жырды мәнерлеп оқу. Жылжымалы тақтамен жұмыс.<br>***Қойдың атаулары: қозы→ марқа→ тоқты→ тұсақ→ саулық.***<br>***Қойдың пайдасы***<br>↓ ------------------- ↓ ----------------- ↓ --- ----------------- ↓<br>***Еті --------------- Майы ------------ Жүні --------------*** | |

*Терісі*

↓ ----------------- ↓ ------------------ ↓ -------------------- ↓

*Жұмсақ ------- Емдікке -------- Текемет киім ------- Былғары*

***Төрт түліктің пайдасы***

*Төрт түлік малдың ең қасиеттісі түйе болып табылады. Қазақ халқы түйені дала кемесі деген. Ол шөлге шыдамды, жүк артса - көлік, жесе - ет, ал жүні - киімге жараған. Қазақтар түйенің жүнінен жүн шапандар киген, ол жеңіл, жұмсақ әрі қыста жылы болған. Тағы түйенің жүнінен тек жамылғы көрпелер жасаған, аяқ асты тастауға болмайды деп төсеніштер жасамаған. Түйенің шудасын қайнатып, емге пайдаланған, ал терісімен ер қаптаған. Ал сүтін емге пайдаланған. Сүті қою, құнарлы. Сүтінен шұбат, құрт, балқаймақ, т. б. жасаған.*

*Сиыр малын қазақтар көбінесе тамаққа жаратқан.*



*Сиырды кейде көшке де, егіске де пайдаланып отырған. Сиыр да үйдің берекесі, айран - сүттің көзі, отбасының асыраушысы ретінде қадірлі мал болған. Сиыры жоқ үй ас - ауқаты жұтаң болып есептелген. Сиырдың терісінен құдықтан су тартатын қауға ыдыстар, қымыз ашытатын сабалар, сусын құятын торсықтар жасаған. Тіпті сиырдың тезегін отын ретінде пайдаланған. Ал мүйізінен тарақ жасаған.*

*Қой төрт түліктің ішіндегі қазақтың сүйіктісі «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл көсір» деген қазақ атамыз. Өзі өсімтал, тез ет алып қонақ кәдеге жарап отыратын, сүті майлы әрі жұғымды. Қой мен ешкінің иленген терісін түрлі сырт киім мен аяқ киім тігуге пайдаланған. Қойдың жүнінен киіз басып, жіп иіріп, баулар*

| | | |
|---|---|---|
| | *жасаған, кілемдер, текеметтер тоқыған.*<br>*Қазақ халқы қой мен ешкіні «уақ мал» деп атайды. Ешкі өте өсімтал мал. Ешкінің еті жеңіл, әрі сіңімді, сүті өте құнарлы. Ешкінің сүттісін арнайы ұстап, ана сүтіне жарымаған баланы ешкі сүтімен асыраған. Ешкінің серкесін әрдайым қойдың отарына қосып отырады, оның бүкіл отарды бастап, жайылымға апарып, әкелетін қасиеті бар. Ешкі жеңілтек мал деп есептелген, мінезі ұшқалақ,шыдамсыз баланы «ешкі құсап селтеңдеп» деп ешкіге теңеп отырады. Ешкінің жүнінен түбіт орамалдар тоқиды. Ол жылы әрі жұмсақ болады.*<br>*Қазақтың қасиетті малдарының бірі - жылқы. Ат - ер қанаты. Жылқы жүйрік, әрі өте төзімді мал оны салт мінуге, күш көлік ретінде пайдаланады. Сайын далада ұшқан құспен жарысып, халық* | |



| | | |
|---|---|---|
| | *үшін атқа мініп, жауға шапқан батырларымыз да аз емес. Қымызды емге пайдаланған, бойыңды қыздырып қысты күні жылы әрі жұғымды болады. Жылқының жалынан, құйрығынан арқан жіп есілді, етінен қазы-қарта, жал-жая жасайды.*<br>*Төрт түліктің пайдасы туралы өлеңдер ( қымыз, шұбат, сүт т. б. )* | |
| **Сергіту сәті** | *Бала, бала, балапан,*<br>*Қане, қайсы, алақан.*<br>*Саусақтарың әйбат,*<br>*Былай-былай ойнат.*<br>*Бала, бала, балапан,*<br>*Қане, қайсы, алақан?*<br>*Саусақтарың әйбат,*<br>*Былай-былай ойнат.* | **Оқушылар денелерін жаттық-тырады.** |
| **Ой толғаныс** | ***Тыйым сөздер***<br>** Қой қырқатын қырықтықты бос қайтармайды, жүнге орап береді.*<br>** Қой қоздап жатқанда, біреуге мал сыйламайды, сатпайды.*<br>** Мал айдап келе жатқан адамға «айдар көбейсін» дейді, ал малшыға «бағар көбейсін» дейді.*<br>** Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | * *Мал сүйегін пешке салма.*<br>* *Қойдың жүнін, мүйізін отқа жақпайды.*<br>* *Ақты төкпе, Малды теппе.*<br>* *Малға теріс мінбе.*<br>* *Малдың басынан ұрма!*<br><br>***Мақал – мәтел мәйегі:***<br>***1.*** *Мал өсірсең қой өсір Өнімі оның көл көсір.*<br>***2.*** *Малды баға біл, бабын таба біл.* | |
| **Үй тапсыр-масы** | Төрт түлік туралы мәліметтер жинақтау. | **Күнделік-теріне жазады.** |
| **Бағалау**<br>**Кері байланыс** | Бағалау парақшалары арқылы көршісін бағалау. | **Парақша-ларды толтырады.** |





**А. Ж. ИБЕТОВА,**
**№3 ЖОББ қазақ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақала ауылы

# РАСУЛ ҒАМЗАТОВ “АНА ТІЛІ” ӨЛЕҢІ

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | **6.1.1.1** әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;<br>**6.1.4.1** көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту. |
| **Сабақ мақсаттары:** | **1.** Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды; көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқиды, жатқа айтады, түсіндіреді.<br>**2.** Әдеби шығарма жанрын, фабуласын, сюжетін талдап көркем шығарма үзінділерін мәнерлеп оқиды, өлең жолдары бойынша өз ойын өзгенің ойымен салыстырады, талқылайды. |

| | |
|---|---|
| | **3.** Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ашып көрсете отырып, орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқиды, шығармадағы оқиғаны шынайы өмірмен байланыстырады, өзіндік пікір білдіріп тұжырымдайды. |
| **Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | - Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды, көркем шығарманың маңызды үзінділерін табады;<br>- Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін талдап, шығармадағы орта көлемді үзінділерін мәнерлеп оқиды, жаттайды;<br>- Әдеби шығарманың жанрын,сюжетін, фабуласын қазіргі заман өмірімен байланыстырып, өзіндік пікір білдіріп тұжырымдайды; |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым |
| | **Терминология:**<br>*жанр, сюжет, фабула.* |
| | **Сөз тіркестері:** *Дағыстанның кең аңғары, қара жер, авар тілі, туған жер, ана тілі.* |
| **Құндылықтарды дарыту** | *Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.* |
| **Ойлау дағдыларының деңгейлері** | Қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. |



| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыстар** | Шет ел әдебиеті, қазақ тілі «Тіл – ұлттың жаны» |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, аудиомәтін. |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Жанр түрлерін ажырата алады. |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы** | **1.Сәлемдесу.** «Сәлем, Әлем!» Әртүрлі халықтардың ана тілдерінде амандасу.<br><br>**2.Топқа бөлу. «Пазл» (Ақын-жазушылардың ана тілі туралы өлеңдері арқылы)** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***1-топ:***<br><br>***(Сұлтанмахмұт Торайғыров)***<br><br>*– Сүйемін туған*<br>*тілді – анам тілін,*<br>*Бесікте жатқанымда-ақ берген*<br>*білім.*<br>***2-топ**:*<br><br>***(Қадыр Мырза Әли)***<br>*– Ана тілің – арың бұл,*<br>*Ұятың боп тұр бетте.*<br>*Өзге тілдің бәрін біл,*<br>*Өз тіліңді құрметте!*<br><br>***3-топ:***<br><br>***(Мағжан Жұмабаев)***<br>*Жарық көрмей жатсаң да ұзақ*<br>*кең-тілім,*<br>*Таза терең, өткір күшті, кең*<br>*тілім.*<br>**Оқу мақсаты таныстырылады.** | |



| | | |
|---|---|---|
| **Ортасы** | **1-тапсырма.**<br>**Тыңдалым. Айтылым**<br>**Слайд.** Расул Ғамзатовтың өмірі мен шығармашылығы таныстырылады.<br><br>***Тірек сөздер:***<br>*- адам*<br>*- түс*<br>*- қабір*<br>*- әңгіме*<br>*- Ана тілі*<br>*- авар тілі*<br><br>**«Ана тілі» өлеңін** аудиомәтін арқылы тыңдайды.<br>Тыңдалған шығарма бойынша сұрақтарға жауап береді, мақалдың мәнін ашады.<br><br>***1-топ:***<br>- *Өлең не туралы?*<br>- *Ақын өлеңіне қандай оқиғаны арқау етеді?*<br>***2-топ:***<br>- *Қазақтар өз тілін неліктен ана тілі деп атайды?*<br>- *Қалай ойлайсыңдар, анамен байланысты* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *басқа қандай ұғымдарды білесіңдер?*<br><br>***3-топ:***<br>- *«Әрбір халық – өзінің ана тілінде ғана бақытты!»*<br><br>**Дескриптор:**<br>*Білім алушы*<br>- *Р.Ғамзатовтың өмірі мен шығармашылығымен танысады;*<br>- *«Ана тілі» өлеңін тыңдайды;*<br>- *Сұрақтарға жауап береді, нақыл сөздің мәнін ашады;*<br>**ҚБ. Бағдаршам**<br>**Саралау. Нәтиже:** тапсырма біреу, алайда оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.<br><br>**2-тапсырма. ЖЖ. «Автор көзқарасы» әдісі**<br>Өлеңнен автордың көзқарасын анықтау. |  |

| ***Өлеңнен ұнаған үзінді*** | ***Оқушы көзқарасы*** |
|---|---|



| | | |
|---|---|---|
| | - *Автор неден қорқады?*<br>- *Неге үміттенеді?*<br>- *Неге сенім артады?*<br><br>**Дескриптор**<br>- *Өзіне ұнаған үзіндіден автордың көзқарасын анықтап, оқушы өз көзқарасын кестеге толтырады;*<br>**ҚБ.**<br>Өзінің ойын көркемдеп, керекті мәліметтерді толықтыра сөйлеген оқушыларды **«Екі жұлдыз, бір тілек»** арқылы бағалау.<br><br>**Саралау. Қолдау.** Жеке тапсырма беріледі, алайда орындау барысында балаларға мұғалім тарапынан әртүрлі қолдау көрсетіледі.<br><br>**3-тапсырма. «Пазл» әдісі** бойынша оқушылар берілген тірек сөздер арқылы өлеңнен үзінділерін тауып, **«Кім жылдам?» әдісі** арқылы тізбектей жалғыстырып, 1 шумақтан жатқа мәнерлеп оқиды. |  |

| | | |
|---|---|---|
| | ***1-топ:***<br>- *Адам;*<br>***2-топ:***<br>- *Авар тілі;*<br>***3-топ:***<br>- *Ана тілі*<br>**Дескриптор:**<br>- *Тірек сөздер арқылы өлеңнен үзінділерін табады;*<br>- *Өлеңді жатқа мәнерлеп оқиды;*<br>- *Үздіксіз;*<br>**ҚБ.**<br>Жұпта оқушылар бір-бірін «мэ фелиситасьо'н», «аферин» деген ***француз-түрік тілдері*** арқылы смайликтермен бағалау.<br><br>***"мэ фелиситасьо'н"***<br><br>***"аферин"*** | <br> |



| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы** | **Кері байланыс: «Аяқталмаған сөйлем» тәсілі**<br>- *Бүгінгі сабақта мен .......... түсіндім,.......... білдім,.......... көзімді жеткіздім.*<br>- *Бүгін сабақта қуантқаны..........*<br>- *Мен өзімді ...... үшін мақтар едім.*<br>- *Маған ерекше ұнағаны............. .*<br>- *Қызықты болғаны....... .*<br>- *............. қиындық тудырды.*<br>- *Менің түсінгенім ............ .*<br>- *Енді мен ........... аламын.* |  |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | |
|---|---|
| **Саралау** - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? | Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?<br>Оқу мақсатына жету үшін ең маңызды жасалатын қадамдардың бірі – саралау. Оқу мақсатына табысты жету үшін оқушылардың жеке ерекшелігіне сай әртүрлі тапсырмалар беремін. Мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға |

| | |
|---|---|
| | бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетемін. Мағынаны тану кезеңінде оқушыларға тірек сөздер ұсынып, сол сөздер туралы түсініктерін сұраймын. ***«Автор көзқарасы» әдісінде*** шығармадағы ұнаған үзінділері туралы оқушының өз көзқарастарын білемін. ***«Пазл» әдісі*** бойынша берілген тірек сөздерді тауып, ***«Кім жылдам?» тәсілі*** арқылы тапқан үзінділерін тез және үздіксіз жатқа мәнерлеп айтуларын тыңдаймын. |
| **Бағалау** - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз? | Сабақтың барлық тұсында оқушылардың тапсырманы каншалықты деңгейде орындағанын білу мақсатында ***«Бағдаршам» арқылы*** топты бағаладым. ***«Жарайсың. Керемет» смайликтер, «Басбармақ» арқылы*** бірін-бірі бағалау жүргізілді. Бұл қалыптастырушы бағалау түрлері оқушының алға қарай ілгерілеуіне өз ықпалын тигізді. Сабақ соңында ***«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі*** арқылы оқушының алған білімін саралай білуге дағдыланғанын және ***«Аяқталмаған сөйлем» кері байланысы*** арқылы оқушылардың бүгінгі тақырып төңірегіндегі шынай пікірлеріне куә болдым. |



| **Сабақ бойынша рефлексия** | **Оқу мақсатына негізделген сабақ мақсаты:** |
|---|---|
| *Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?*<br>*Бүгін оқушылар не білді?*<br>*Сыныптағы ахуал қандай болды?*<br>*Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?*<br>*Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?*<br>*Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?* | **6.1.1.1** әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;<br>**6.1.4.1** көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.<br>Сабақ мақсатын орындай алатын деңгейінде алып, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдерді таңдадым. Оқушылар әр тапсырманы орындау барысында асқан ұйымшылдық пен жауапкершілік, белсенділік танытты. Оқушылар тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендігін өлең үзінділерін тізбектей үздіксіз айту барысында шынайы жеткізе білді. |
| **Қорытынды бағамдау** | |
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.** Сабақтың тақырыбын топтаса отырып мәнін ашып жұмыс жасау.<br>**2.** Қалыптастырушы бағалау тәсілдері арқылы оқушылардың бірін-бірі бағалауы.<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?** | |

| |
|---|
| **1.** Тапсырмаға сай қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану.<br>**2.** Кері байланыс пен қалыптастырушы бағалаудың түрлері.<br>**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**<br>**1.** Оқушыларға деңгейіне қарамастан үнемі қолдау көрсету керек.<br>**2.** Қабілеті жоғары оқушыларға қосымша тапсырма дайындап келу қажет. |





**Ұ.С. СЫЗДЫҚОВА,**
**М. Шоқай атындағы**
**№187 IT-мектеп-лицейінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәндерінің мұғалімі.**
Қызылорда қаласы

# ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаттары** | **Ж. 8.3.2.1** - жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу;<br>**ӘТН. 8.4.2.1** - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:** Әлем мәдениетінің түрлерін ажырата алады. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолдана отырып мақала жазады. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін орынды қолданады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Негізгі ой мен әлемдік мәдениет арасындағы байланыс туралы мақала жазады. |

| | |
|---|---|
| | Жазылым барысында сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін қолданады. |
| | **Оқушылардың кейбірі орындай алады:** Тілдік құралдарды қолданып, мақала құрастырып жазады. |
| **Бағалау критерий-лері** | **1.** Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады.<br>**2.** Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін анықтайды.<br>**3.** Мақала жазады. |
| **Ойлау деңгейі** | Қолдану, талдау, жинақтау. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>***Әлем мәдениеті*** *– Мировая культура – Cultura of peace;*<br>***Логикалық кідіріс*** *– логические паузы – logicaal pauses;* ***Психологиялық кідіріс*** *– Психологическая задержка – delay of psychological;*<br>***Грамматикалық кідіріс*** *– Грамматические паузы – grammatical pause.* |
| | **Диалог құруға/шығарма жазуға/ арналған пайдалы тіркестер:**<br>*Әлем мәдениеті. Юнеско, мәдени мұра..* |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.** *Кідірістің қанша түрі бар?* |



| | |
|---|---|
| | **2.** *Әлемдік мәдениетте өзіндік із қалдырған тұлғаларды атаңдар.* |
| **Құндылық-тарды дарыту** | *Ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіру мәтін мазмұнын ашуда; өзіне және өзгелердің мәдениетіне құрметпен қарау тапсырмаларды орындауда, бір-біріне қолдау көрсетуінде; өмір бойы оқу қағидасы ақпаратты өздігінен табу, кері байланыс беруде, рефлексия жасауда, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады.* |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, география. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Әлем мәдениеті туралы мәлімет біледі. |
| **Сабақтың жоспары** | |

| **Жоспар-ланған уақыт** | **Сабақ барысы** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басталуы**<br>**5 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Жағымды ахуал қалыптастыру үшін оқушылар өз бойларындағы өнер түрлерін айтып, сыныппен бөліседі.<br>**Топқа бөлу.**<br>**Болжау әдісі** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **1.** *Суретте кімдер бейнеленген?*<br>**2.** *Олар еліміздің атын әлемге қалай танытты?*<br>**3.** *Суреттердің бір-бірімен қандай байланысы бар?*<br>**ҚБ. (Пікір айту арқылы)** *Жарайсың! Керемет! Тәжірибені арттыр! Талпын!*<br>Жаңа сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийі таныстырылады. | **Интер-белсенді тақта** |
| **Жаңа білім 3 минут** | **Мұғалім сөзі**<br>Мәтін оқылымындағы кідіріс түрлері<br>**Логикалық кідіріс.**<br>*Сөйлемде негізгі ой түскен сөздің көтеріңкі айтылуы логикалық кідіріс* ***(екпін)*** *деп аталады.*<br>**Психологиялық кідіріс.** *Мәтіннің мазмұн мағынасына, ондағы қатысатын кейіпкердің іс-әрекетіне, оның көңіл күйінің құбылуына байланысты оқылады. Психологиялық кідіріс кейіпкердің көңіл күйіне, іс-әрекетіне қарай жасалады.*<br>**Грамматикалық кідіріс.** *Мәнерлеп оқуда көбірек* | Қазақ тілі. Б.Әрінова, Қ.Молдасан, А.Байшағырова,- Алматы «Атамұра» 2018ж (30-33-бет) |



| | | |
|---|---|---|
| | *қолданылатын, жиі ұшырайтын кідірістер –* ***грамматикалық кідірістер немесе нормативтік дауыс ырғағы.*** *Оқу барысында сөйлемдегі сөздер арасына ешқандай тыныс белгілері қойылмаса да, сөз бен сөздің, сөз тіркестерінің арасына қысқа кідіріс жасала береді.*<br>**«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.**<br>Мәтін оқылымындағы кідіріс түрлерімен танысады.<br>**1. Оқулықпен жұмыс жасап, тақырыпты ұғынады.**<br>**2. Топта талқылап, өзара ой бөліседі.**<br>**ҚБ. Мадақтау.** | |
| **Сабақтың ортасы 7 минут** | **Топтық жұмыс «Дана үкі» әдісі. Тапсырма**<br>***Әлемдік мәдениет*** *– жалпыадамзаттықмазмұны бар рухани құндылықтар сипатын айқындау үшін қолданылатын күрделі ұғым. Әлемдік мәдениетті дүниежүзі сипат алған* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *діндерге негіздеп, исламдық, христиандық, буддалық мәдениет деп бөлу бар. Еуропалық әдебиеттерде кең тараған бұлай бөлуді шартты деп бағалаған жөн. Өйткені мұнда құндылық мәніне тек діни талаптар тұрғысынан ғана қарау нышаны байқалады.*<br>*Әлемдік мәдениет адамзаттың рухани дамуына тікелей әсер еткен және жоғарыда аталған діни мәдениеттерге де өз ықпалын тигізген жалпыадамзаттық мазмұндағы мұралар болып табылады және олар тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырылады.*<br>*Ертедегі Үнді, Қытай, Мысыр, Грек, Рим мәдениеті, Орхон-Енисей ескерткіштері, ортағасырлық мұсылмандық және еуропалық қайта өрлеу дәуірлерінің мәдени ескерткіштері,* | |



| | | |
|---|---|---|
| **6 минут** | *Конфуций, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Августин Б., Гегель еңбектері, М.Қашғари, Ж.Баласағұн шығармалары, Тәурат, Інжіл, Құран сияқты діни кітаптар – адамгершілік ережелеріне халықаралық дәрежеде негіз болған әлемдік мәдениет мұралары.*<br>*Музыкалық әуендер, саз аспаптары үндестігінің күшеюі, Қорқыт Ата, Асан қайғы сияқты аңыз алыптарының халықаралық кейіпкерге айналуы әлемдік мәдениет мазмұнын толықтырды.*<br>Науаи, Абай, Низами, Пушкин, Байрон, Петефи, Мицкевич, Әуезов және т.б. ұлы есімдер тілі де, діні де бөлек елдердің рухани туыстығын жер жүзіне танытты.<br>Чайковский мен Бетховен, Құрманғазы мен Шопен музыкалары әлемдік мәдениет болып табылады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Әлемдік мәдениет өзінің ұлттық өрісін дүниежүзілік дәрежеге көтерген мәдени туындылардан тұрады, адамзаттың рухани өркендеуінің куәгері болып саналады.<br>**1-топ**. *Мәтінді сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс бойынша оқып, негізгі ақпаратты анықтайды.*<br>**2-топ.** *Мәтін стилін, түрін және жанрын анықтап, сұрақтар құрастырады.*<br>**3-топ.** *Ақпараттарды негізге ала отырып, мақала құрастырып жазады.*<br>**Дескриптор**<br>**1-топ.**<br>**1.** *Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.*<br>**2.** *Негізгі ақпаратты табады.*<br>**2-топ**<br>**1.** *Мәтіннің жанрлық* | |



| | | |
|---|---|---|
| 3 минут<br><br>3 минут | *ерекшелігін анықтайды.*<br>**2.** *Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.*<br><br>**3-топ.**<br>**1.** *Ақпараттарды әр бөлігінен алады.*<br>**2.** *Шағын мақала жазады.*<br>Топтар бірін-бірі бағалайды.<br>**Жеке жұмыс.Тапсырма**<br>**Қазақстан** – *тарихи және мәдени мұраға бай мемлекет. Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің көне өркениеті. Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен оңтүстікті әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық тұрғыда байланыстырған Ежелгі қазақ даласында Ұлы Жібек жолы өтетін.*<br>*Көптеген ескерткіштерді бүкіләлемдік маңызы бар деп ЮНЕСКО мойындаған.* |  |

| | | |
|---|---|---|
| | *Қазақстанның мәдени құндылықтарының әр алуандылығы 25 мыңнан әрі аса қозғалмайтын тарихи, археологиялық, сәулетті және монументалды ескерткіштерде, 89 мемлекеттік мұражай қорларында 2 млн 56 мыңға жуық мәдени құндылықтар, 66 млн 840 мың том кітап, сирек қолжазбалар мен басылымдар 3495 мемлекеттік кітапханаларда сақталып келеді.*<br>**«Төрт сөйлем» тәсілі**<br>**Пікір.** *Мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.*<br>**Дәлел.** *Өз сөзіңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.*<br>**Мысал.** *Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.*<br>**Қорытынды.** *Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.*<br><br>**Дескриптор**<br>***1.*** ***Мәтінді толық түсінеді, ой-пікірін жаза алады.***<br>***2.*** ***Өзіндік пікірін дәлелдейді.***<br>***3.*** ***Өмірмен байланыстырады.***<br>***4.*** ***Тақырып бойынша қорытынды шығарады.***<br>***Жұптық жұмыс.***<br>***8-тапсырма.*** | |



| | | |
|---|---|---|
| | ***28-беттегі «Әлем таныған – Абай» мәтінін*** негізге ала отырып, кейіпкерге мақала жаз. Хат мәтінін өзара тексеріп, интонация компоненттерінің сақталуына мән бер.<br>***ҚБ. Жұптардың бірін-бірі бағалауы. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»***<br>***Кері байланыс***<br>*- Саған кімнің пікірі ұнады?*<br>***Рефлексия***<br>***Сабақта алған әсеріңді***<br>***«3-2-1» әдісі.***<br>***1.*** *Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат.*<br>***2.*** *Бүгінгі сабақта қиындық тудырған екі нәрсе.*<br>***3.*** *Бүгінгі сабақта ұнаған 1 нәрсе.* | |
| **Аяқталуы**<br>**Сабақты бекіту**<br>**3 минут** | **Үйге тапсырма:**<br>**10-тапсырма.** Аталған туындының әлемдік мәдениеттегі маңызын ашатын материал жинақтап, жоспар құр. Ақпаратты жалғастырып жаз. | |

**А. А. ҮБӘЙТЖАН,**
**«Жаңақоныс ЖОББМ» КММ-нің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәндерінің мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
Аққайтым ауылы

# ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ӨМІРІ

*(Табу сөздер)*

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | **6.1.5.1-** Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру; |
| | **6.4.3.1-** Табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушылар:**<br>-тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен еңбектері туралы оқып біледі;<br>-табу сөздің тәрбиелік, танымдық мәнін түсінеді, қызметін меңгереді. |
| **Бағалау критерийлері** | Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады;<br>табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата біледі. |
| **Тілдік мақсаттар** | Тыйым, табу, қаныға берді, сары дала. |



| | |
|---|---|
| **Дифферен-циация** | **Барлық оқушылар:**<br>Тарихи тұлғалардың өнегесін оқып біледі.Табу сөздердің мағыналық ерекшелігін, қолданыс аясын түсінеді. |
| | **Бірқатар оқушылар:**<br>Тарихи тұлғалар туралы зерттеулерін салыстыра тұжырымдайды, табудың қолданыс аясын ажыратады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих. |
| **Алдыңғы оқу** | А. Құнанбаев өмірбаяны, өлеңдері. |
| **Жоспар** | |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин.** | **Психалогиялық ахуал : «Мен бақытты баламын» тренинг.**<br>**Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып, мақтау.**<br><br>**Топқа бөлу (1 минут).**<br>**Орындалу шарты:**<br>**1-топ «Қаныш тобы»**<br>**2-топ «Мұстафа тобы»**<br>**Қызығушылықты ояту.** Мұғалім оқушылардың жаңа сабаққа деген | **Интербелсенді тақта** |

| | | |
|---|---|---|
| | қызығушылығын арттыру мақсатында *«Тарихи тұлғалардың өмірі сені несімен қызықтырады?», «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», «Өшпестей із қалдырған» дегенді қалай түсінесіңдер?* деген сауалдар қоямын. | |
| **Сабақтың ортасы 30 мин.** | **«Таза тақта» әдісі бойынша сұрақтарға жауап берелік.**<br>**1.** *Абай өмірі;*<br>**2.** *Абай өлеңдері;*<br>**3.** *Абай қарасөздері;*<br>**4.** *Абай әндері;*<br>**5.** *Абай – ұлы тұлға.*<br>**Дескриптор**<br>*– Тарихи тұлғаның өмірі туралы айта алады*<br>*– Тарихи тұлғаның еңбектері туралы біледі*<br>*– Берілген бөлім төңірегінен ауытқымай тапсырманы орындайды.*<br>*– Мәтін бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді.*<br>**Қалыптастырушы бағалау. «Үш шапалақ»**<br>Тарихи тұлғалар туралы видеоролик көрсетіледі. | **Интер-белсенді тақта Оқулық** |



| | | |
|---|---|---|
| | **1.** *Қаныш Сатпаев;*<br>**2.** *Мұстафа Шоқай;*<br>**3.** *Мұғалім табу сөздері туралы мәлімет беріп өтеді.*<br>*Халықтың наным-сенімі мен салт-дәстүріне байланысты атын тура айтуға тыйым салынған сөздер* ***табу*** *деп аталады.*<br>Табу сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. ***Қазақ тіліндегі табу сөздердің тууына екі жағдай себеп болған:***<br>**1.** *Ескі әдеп-ғұрып бойынша қазақ келіндеріне қайын жұртындағы үлкен болсын, кіші болсын туыстарының атын атауға тыйым салынған. Сондықтан келіндер әркімнің жақындық жолына, мінезіне, әрекетіне, сыртқы болмысына лайықты ат қойған. Мысалы: қызға шырайлым, еркежан, бикеш десе, ұлға шырақ, мырза жігіт, төре жігіт т.б деп ат қойған. Осы ретпен абысын-ажын, қайын аға, ата-ене, нағашы-жиенге дейін ат қойып шығатын болған.*<br>**2.** *Ескі наным бойынша табиғаттағы адамға зиян келтіретін жыртқыш* | **видео**<br><br>**Интер-белсенді тақта, дәптер.** |

| | | |
|---|---|---|
| | *аңдар мен қорқынышты құбылыстардың, жұқпалы індеттердің атын атауға тыйым салынған.Егер атын атаса, олар адамға жақындайды деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан халық мұндай нәрселердің атын бұрмалдап, тұспалдап айтқан. Мысалы, жай түсудің апатынан сақтанып, жайдың атын атамау үшін оны «жасыл»деп атаған. Шешек ауруының атын атаудан қорқып, оны «қорасан» деген. Қасқырдың атын тура айтсақ, естіп қалып малымызға шабады деп сескеніп, оны «ұлыма» немесе «итқұс» деп атаған.*<br>**2 тапсырма «Жұптық жұмыс»,** яғни, оқушы жұбын өздері таңдайды.<br>**1.3-тапсырма**<br>**2.5- тапсырма**<br>**3.6-тапсырма**<br>**4.8-тапсырма**<br>**5.9-тапсырма**<br>**Дескриптор:**<br>*– Мәтіннен табу сөздерді таба алады.*<br>*– Мәтінге байланысты ат қоя біледі.* | **Интер-белсенді тақта**<br><br>**Кеспе қағаздар**<br><br>**Графика-лық орга-найзер** |



| | | |
|---|---|---|
| | *– Табу сөздердің қолданыс аясын түсініп ажырата алады.*<br>*– Нақты және жалпы сұрақтарға жауап бере алады.*<br>*– Тарихи тұлға туралы түсінік бере алады.*<br>**ҚБ. «Бас бармақ» әдісі** арқылы жүзеге асырамын.<br>**3-тапсырма – Топпен жұмыс.**<br>**«Құпия зат» жеребе тастау арқылы болады.**<br>**1.** *Кеспе қағаздан табу сөздерді табады.*<br>**2.** *Ырым бойынша кішкене ғана қойылым.*<br>**Дескриптор**<br>*– Табу сөздерді түсініп,ажырата біледі.*<br>*– Тыйымға немесе салт-дәстүрге сай ұғымдарды анықтайды.*<br>**ҚБ. «Бас бармақ» әдісі арқылы жүзеге асырамын.**<br>**4-тапсырма. Жеке жұмыс. «Буриме әдісін»** пайдалана отырып, өлең шығару.<br>*------------------- арсыз,*<br>*--------------------- шаруасыз.*<br>*-------------------- артық.*<br>*---------------------- байқарсыз.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескриптор:**<br>– *Берілген бөлім төңірегінен ауытқымай тапсырманы орындайды.*<br>– *Өлеңнің мазмұнын түсінеді.*<br>*– Өлеңді мәнерлеп оқиды.*<br>**ҚБ. «Бағдаршам» әдісі арқылы жүзеге асады.**<br>**Қосымша тапсырма:**<br>*– Үйде сізді жеңгеңіз калай атайды?*<br>Табу сөздер қатыстырып, 2-3 сөйлем жазыңыз. | |
| **Сабақтың соңы 5 мин.** | **Кері байланыс (3 минут) «Ротация» 2 түрлі маркермен жұмыс жасалады.**<br>**Рефлексия «Мұғалімге хат».**<br>**Үй тапсырмасы: 10-тапсырма.** Табу сөздерді қатыстырып, мәтін құрап жазу. | **маркер** |



***<u>Озық тәжірибе</u>***

***ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!***

*Мұғалім шәкіртін білім нәрімен сусындату үшін, оның сауаттылығын артып, біліктілігін дамыту үшін өздері де күні-түні жан-жақты ізденіп, бір орында тоқтамайтыны белгілі. Сіздерге "керектеріңізге жарап қалар, қойын дәптерлеріңізге түртіп алары бар" – деп, мына мақаланы ұсынып отырмыз. Кәделеріңізге жарап жатса, қуаныштымыз!*

***Редакция ұжымы.***

**Г. К. БИЖАНОВА,**
**(АТЭКПС)**
**Алматинский технико-экономический колледж путей сообщение.**
**Предмет: Русский язык и литература.**
г. Алматы



# ОРГАНИЗАЦИЯ ТЕСТОВОГО КОНТРОЛЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Новые образовательные стандарты в качестве основной цели обучения называют «развитие личности обучающихся на основе освоения универсальных способов деятельности» и определяют приоритетные направления образования:

- *система образования должна формировать*

*такие качества личности как инициативность, динамизм, конструктивность;*

- *внедрение современных образовательных технологий;*
- *воспитание социально-адаптированной личности.*

Обучение становится личностным, обучающийся должен уметь принимать самостоятельные решения, обладать умением самостоятельно получать новые знания и стремиться к самообразованию.

Тестовая форма стала довольно актуальной и значимой в обучении. Именно тестовый контроль повышает мотивацию, развивает личность, самостоятельность.

Использование на уроке тестов требует от учителя перехода от привычной роли наставника и контролёра к позиции наблюдательного помощника, который меньше учит и воспитывает, а больше помогает учиться самостоятельно, фиксировать и анализировать индивидуальную траекторию учения каждого ребёнка.

Однако назначение тестов – это не только и даже не столько контроль и оценка знаний, умений, сколько диагностика проблем, возникающих у обучающихся на каждом этапе изучения программного материала.

Тесты предоставляют обучающимся возможность проявить самостоятельность, индивидуальность. В результате выполнения теста учитель может определить не только «проблемную зону» учащегося, но и установить причину итоговой неудачи и построить необходимую индивидуальную коррекционную работу. Тестовая технология выступает в качестве современной здоровьесберегающей технологии контроля над качеством учебных достижений учащихся, снижает



уровень психологической тревожности, стрессовое состояние.

Проблема диагностического объективного контроля качества усвоения обучающимся учебного материала – одна из центральных проблем современного образования. Среди различных видов контроля, широко используемых в образовании, особое место занимают тесты, обладающие наибольшей объективностью, быстротой исполнения, удобством проверки, вариативностью содержания, технологичностью приготовления, простотой и скоростью получения результата.

Тестовый контроль – это оперативная проверка качества усвоения, немедленное исправление ошибок и восполнение пробелов. Однако, как показывает практика, недопонимание его технологических особенностей не всегда приводит к адекватному использованию тестов в учебном процессе.

Затрагивая вопросы методики использования тестов для контроля результатов обучения школьников необходимо вспомнить об основных функциях проверки и оценки результатов обучения. Выделим основные функции тестов.

***Функции тестов:***

- ***учетно-контрольная (информационная)*** – *систематически позволяет учителю фиксировать результаты обучения и судить об успеваемости каждого ученика, его достижения и недочётах в учебной работе;*
- ***контрольно-корректирующая (диагностическая)*** – *обеспечивает связь «учитель - ученик», для внесения коррективов в методику обучения;*

• ***обучающая** – помогает повторить материал, акцентировать внимание учащихся на главных вопросах и важнейших идеях курса, показывает на типичные ошибки;*

• ***воспитательная (мотивационная)** – стимулирует учащихся к дальнейшей учебной работе, углублению своих знаний, развивает у школьников умение самоконтроля и самооценки;*

• ***аттестационная** – связана с характеристикой уровня обученности школьника, является основой его аттестации, а также важнейшим компонентом аттестации работы учителя образовательного учреждения.*

***На уроках используют следующие типы заданий в тестовой форме:***

***закрытый***

- *задания альтернативных ответов;*
- *задания множественного выбора;*
- *задания на восстановление соответствия;*
- *задания на установление правильной последовательности.*

***открытый***

- *задания свободного изложения*
- *задания-дополнения.*

***Задания закрытого типа***

***1.*** *Задания альтернативных ответов.*

***Форма задания:*** *утверждение.*

Даётся только два варианта ответов. Ученик должен выбрать один из них – “да” - “нет”, “правильно” - “неправильно” и др.

Задания альтернативных ответов являются самыми простыми, но не самыми распространёнными при тестировании. Особенностью таких заданий является



то, что вопрос должен быть сформулирован в форме утверждения, поскольку он предполагает согласие или несогласие, которое можно отнести к утверждению. Эта форма целесообразна для использования заданий этого вида серии, когда для одного элемента знания задаётся несколько видов вопросов.

***Пример1. Форма задания: утверждение.***

***Инструкция. Подчеркни “да” или “нет”.***

*(Если ты согласен с утверждением – **“да”,** а если не согласен – **“нет”**).*

***Вопрос. 1.*** *Предлог – знаменательная часть речи.*

***Да. Нет.***

***Вопрос. 2.***

*Предлоги не являются членами предложения.*

***Да. Нет.***

***Вопрос. 3.***

*Предлоги бывают производные и непроизводные.*

***Да. Нет.***

***Вопрос. 4.***

*Предлоги связывают однородные члены предложения.*

***Да. Нет.***

***Вопрос. 5.***

*Предлоги бывают простые и составные.*

***Да. Нет.***

***Вопрос. 6.***

*Предлоги могут образовываться от наречий, деепричастий, существительных.*

***Да. Нет.***

***Ответы: 1. Нет. 2. Да. 3. Да. 4. Нет. 5. Да. 6. Да.***

***2. Задания множественного выбора***

Это основной вид заданий, применяемый в тестировании и чаще всего используемый мной

на уроках. Задания с множественным выбором предполагают наличие вариативности в выборе. Учащиеся должны выбрать один из предложенных вариантов.

Оптимальное количество вариантов 3-4 (до 5). Два варианта способствуют угадыванию, а больше пяти потребуют слишком много времени для чтения. Количество правильных ответов может быть и несколько, тогда в инструкции должно быть это указано.

***Пример 2. Задания множественного выбора.***

***Инструкция. Обведи кружком букву, соответствующую правильному ответу.***

***Вопрос.***

*Какой из стилей НЕ относится к книжному?*

***А).** научный;*

***Б).** художественный;*

***В).** разговорный;*

***Г).** публицистический.*

***Ответ. В***

***3. Задание на восстановление соответствия***

Это задания, в которых необходимо найти или приравнять части, элементы, понятия – конструкции, фигурам, утверждениям; восстановить соответствие между элементами двух списков. Достаточно распространённой формой ответа на данный вопрос является вариант с использованием стрелок: нарисуйте стрелки от элементов первого списка ко второму, соедините стрелками соответствующей понятия и т.д. Каждому элементу левого столбца верно соответствует хотя бы один элемент правого столбца. Для предотвращения угадывания в левом столбце элементов может быть больше, чем в правом или наоборот.

***Пример 3. Задания на восстановление соответствия:***

***Инструкция. Соотнеси написанное в первом и во втором столбиках.***

***Найти соответствия** (по пьесе Островского «Бесприданница»).*

***Ответ записать по образцу: 1 Д, 2 Г, 3 А и т.д.***

| | |
|---|---|
| ***1).** Сергей Сергеевич;* | ***А).** Вожеватов;* |
| ***2).** Харита Игнатьева;* | ***Б).** Паратов;* |
| ***3).** Василий Данилович;* | ***В).** Огудалова;* |
| ***4).** Мокий Парменыч;* | ***Г).** Карандышев;* |
| ***5).** Юлий Капитанович;* | ***Д).** Кнуров.* |

***Ответ. 1Б, 2В, 3А, 4Д, 5Г***

***4. Задания на установление правильной последовательности***

Эти задания незаслуженно редко используются. На самом деле это очень качественная форма тестовых заданий, обладающая большими преимуществами: краткостью, простотой проверки, крайне низкую вероятность угадывания правильного ответа.

***Пример 4. Задания на установление правильной последовательности.***

***Расположите произведения И.А. Гончарова в порядке их написания.***

***1).** «Обломов»;*

***2).** «Обыкновенная история»;*

***3).** «Обрыв».*

***Ответ: 2-1-3.***

***Пример 5. Задания на установление правильной последовательности.***

*– Какое слово пропущено в словообразовательной цепочке вред-вредить-вредитель-…-вредительствовать?*

***1).** вредительский;*

***2).*** *вредный;*

***3).*** *вредительство;*

***4).*** *вредность.*

***Ответ: 3***

В заданиях данного типа нет примитивного узнавания, требуется выполнить несколько логических операций: провести классификацию объектов по заданному признаку, сравнить объекты в парах и выбрать из списка те пары, в которых выполняется заданный критерий.

При выполнении подобных заданий требуется проявить так же высокий уровень внимания, без которого ошибки неизбежны.

***ЗАДАНИЯ ОТКРЫТОГО ТИПА***

***1. Задания свободного изложения***

Они предполагают свободные ответы учащихся по сути задания. На ответы не накладываются ограничения. Однако формулировки заданий должны обеспечивать наличие только одного правильного ответа.

Инструкция для таких заданий: закончите предложение, впишите вместо многоточия правильный ответ и т.д., то есть вместо многоточия можно вписать словосочетание, фразу, предложение или даже несколько предложений.

***Пример 6. Задания свободного изложения.***

***Инструкция. Закончи предложение.***

***Вопрос.*** *Продолжить названия пьес Островского*

- *«Не в свои сани не …»*
- *«Не так живи, как …»*
- *«Бешеные …»*



***Ответ.*** *Садись, хочется, деньги, поклонники.*

***2. Задания-дополнения (с ограниченным ответом)***

В этих заданиях учащиеся должны также самостоятельно давать ответы на вопросы, однако их возможности ограничены. Ограничения обеспечивают объективность оценивания результата выполнения задания, а формулировка ответа должна дать возможность однозначного оценивания.

Инструкция для таких заданий: вместо каждого многоточия впишите только одно слово (символ, знак и т.п.).

***Пример 7. Задания-дополнения (с ограниченным ответом)***

***Инструкция. Впиши пропущенное слово.***

***Вопрос:*** *– «В рабстве спасённое сердце свободное – золото, золото, сердце…?...!»*

***Ответ.*** *Народное.*

Помимо вышеперечисленных видов тестовых заданий для проверки знаний учащихся удобно использовать программированные задания.

Программированные карточки с заданиями позволяют учителю за короткое время (5-15 мин.) выявить усвоение учебного материала. Такой вид опроса удобно проводить на уроках, требующих больше времени на объяснение нового материала, при проведении практических работ. Вопросы в карточках должны быть ясно, четко, понятно сформулированы, без подсказки. Ученик вовлечен в творческий поиск: он мыслит, анализирует, сопоставляет.

Графические программирования включают в себя до 10 высказываний. Некоторые из них верные, другие –

неверные. Учитель зачитывает высказывания – ученики графически отмечают на отрезке свой ответ (неверное высказывание – ставят прочерк “-“, если высказывание верное – “+”).

***Пример 8. Роды и жанры литературы (7 класс)***

***1.*** *Произведения, которые повествуют о событиях называют эпическими.*

***2.*** *Произведения, которые отражают жизнь, чувства и мысли автора, называются драматическими.*

***3.*** *Произведения, которые предназначены для постановки на сцене, называются лирическими.*

***4.*** *Повесть относится к эпическому жанру*

***5.*** *Краткий, чаще всего стихотворный рассказ нравоучительного содержания – это басня.*

***6.*** *Элегия относится к лирическому жанру.*

*7. Основные роды художественной литературы – это лирика и эпос.*

***Ответ. +, -, -, +, +, +, -.***

Для проверки задания учитель может приготовить шаблон с симметричным изображение ответов. Подставляя его к работе каждого ученика, учитель быстро проверяет правильность ответов.

В качестве итоговых тестовых работ можно предложить учащимся тесты комбинированного типа (задания с выбором и вводом правильного ответа).

Учитель должен помнить, что существует требования к структуре теста, к комплексу заданий, которые в него войдут.

- *Составлению заданий должен предшествовать анализ школьной программы по предмету;*
- *Структура заданий должна определяться значимостью изученного материала (чем важнее изученная тема, большим количеством вопросов она*



*представлена);*

- *Формулировки заданий должны быть разнообразны (это разовьёт остроту внимания и гибкость мышления, потребует от обучающегося предельной внимательности и собранности);*
- *Должны быть однозначно сформулированы цели и тема, определено время применения теста;*
- *Процесс проведения теста должен быть задан в виде однозначного алгоритма (заполнение пропусков, выбор ответа из предложенных вариантов);*
- *Тестовые задания должны легко читаться;*
- *Формулировка заданий не должна содержать двумысленности;*
- *Постановка вопроса и предлагаемые варианты ответов должны максимально исключать возможность угадывания ответа;*
- *Тестовые задания, предполагающие выбор одного из предложенных ответов, должны содержать 3-5 вариантов ответов, подобранных по возможности так, чтобы наиболее характерные для данного случая ошибки в них учтены.*

Данная работа поможет учителю использовать тесты на уроках, осуществлять оперативную диагностику уровня  овладения учебным материалом по определённым темам каждым учеником, экономить учебное время при проверке знаний и оценке результатов.

При составлении тестовых заданий необходимо учитывать достоинства и недостатки тестирования, а также чётко очерчивать требования к отдельному тесту или их системе.

***Таким образом, можно прийти к выводам, что использование тестовой формы контроля***

***обеспечивает:***

* *высокий уровень учебных достижений по предметам начальной ступени образования;*
* *воспитывает ценностное отношение к учебной деятельности*
* *развивает память, логическое мышление;*
* *умение делать правильный выбор;*
* *снижает уровень тревожности;*
* *помогает учителю осуществлять своевременно коррекцию знаний.*

***Однако, метод тестирования может иметь и недостатки, среди которых:***

* *невозможность проследить логику ученика;*
* *присутствие элемента случайности в выборе ответа;*
* *большая вероятность выбора ответов наугад.*

Например, учащийся, не отвечавший на простой вопрос, может дать ответ на более сложный. Причиной этого может быть, как случайная ошибка в первом вопросе, так и угадывание ответа во втором. Это искажает результаты теста и приводит к необходимости учета вероятностной составляющей при их анализе.

Таким образом, тесты как одна из форм контроля и оценки знаний, умений и навыков, может и должна использоваться в сочетании с другими формами и методами контроля и оценки.



***Кітапхана тынысы***

**Б. КОШАБАЕВА,**
**С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры.**

# ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕГІ КІТАПХАНА

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мемлекетімізде әлемге жайылған індетке байланысты төтенше жағдай жарияланған күннен бастап оқырмандарға онлайн режимде қызмет көрсетуді қолға алған болатын.

Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы аумағында коронавирус инфекциясының белең алуын болдырмау мақсатында халық көп шоғырланатын мекемелер өз қызметін тоқтатты. Қазақстанның оқушылары мен студенттері қашықтықтан білім алуға көшті. Кітапханамыз онлайн режимге көшуіне байланысты оқырмандар барлық ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуі үшін барлық жағдайлар жасалды.

Кітапханашы онлайн режим кезінде оқырманмен тікелей байланыс жасай алмайды, кітап сөрелеріне барып оқырманның қалаған кітабын алып бере алмайды. Оқырмандар кез-келген сұрағына жауапты baishev.kz сайтынан ала алады. Ғаламтордан сілтемеге кіру арқылы кітапхананың электронды ресурсын пайдалануға толық мүмкіндік қарастырылған. Электронды кітап нұсқаларын kazneb.kz, kitap.kz порталдары арқылы тауып, оқуларына әбден болады.

Кітапхана үшін онлайн-режим деген не? Бұл әлеуметтік

желі арқылы еліміздегі оқиғалар туралы жаңалықтармен жедел бөлісу, республикадағы айтулы күндер туралы оқырмандарды құлағдар ету, жаңа медиа – ақпаратты: видео, фото, құжаттар, қызықты адамдармен тікелей хабарлар қою мүмкіндігі. Сонымен қатар бұл – қарым-қатынас, пікір алмасу, пікір қалдыру үшін виртуалды орын. Мұнда қызметкерлерге өз біліктілігін арттыруға мүмкіндік бар, өз кезегінде кітапхана өзінің мәртебесін арттырады. Кітапханашылардың өз идеяларын командада бірлесе жұмыс істей отырып, жүзеге асыруына толық мүмкіндігі бар. Онлайн іс-шараларды ұйымдастыру уақытты, ізденуді талап етеді. Онлайн іс-шаралар интерактивті іс-шараларға жатады. Бірлескен жұмыс нәтижесінде оқырмандарға мазмұнды, пайдалы, қызықты ақпарат ұсынылады.

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының әлеуметтік желідегі онлайн іс-шараларының көпшілігі елімізде аталып өтілетін мерейтойларға арналды. Олар – Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы, шығыстың ойшыл ғалымы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, ақын-жырау Нұрпейіс Байғаниннің 160 жылдығы, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығы және Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың 90 жылдығы Ұлы Жеңістің 75жылдығы.

Кітапханамызда онлайн режимде көптеген шаралар өткізілуде. «AQTOBE» телеарнасы «Қайырлы таң, Ақтөбе!» бағдарламасында ҚР Мәдениет қайраткері, ақын Нұрлыбек Қалауов, белгілі ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, кітапхана қызметкері Талғат Тілеулесов және ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Жамал Жұмагереева, ал «РИКА» телеарнасының «Сөзіңіз аузыңызда» бағдарламасында



ақпараттық-сервистік қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Ақтоты Салиева қонақта болып, кітапхананың онлайн қызметтері туралы сұхбат берді.

Қазақтың бас ақыны, ағартушы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абайды бірге оқиық!» атты онлайн оқуын әр аптаның сейсенбі-бейсенбі күндері және «COVID-19 – адамзат қасіреті» атты жергілікті ақындардың әлемге жайылған індет туралы жазылған өлеңдерінен буктрейлер жұма күндері baishevabiblioteka инстаграм парақшасында оқырмандар назарына ұсынылуда.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске биыл 75 жыл. Осыған орай ұрпағына бейбіт заман сыйлаған жерлес батырларымызды насихаттау мақсатында апта сайын Baishevabiblioteka инстаграм парақшасында шаралар өткізіліп отыр.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында Ақтөбе өңірінен шыққан Кеңес Одағының батыры Қожабай Жазықовтың туғанына 100 жыл толуына орай батыр туралы қызы Мақпал Жазықованың арнайы дайындаған журфиксі, Кеңес Одағының Батыры Сәрсенғали Ешбаев туралы батырдың қызы журналист, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Бақытжан Ешбаеваның жеке қорынан дайындалған бейне естеліктер көпшілік назарына ұсынылды. Бұл бейне материалдарда батырлар туралы тарихи деректер, құнды мәліметтер келтірілген.

«Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында 2020 жылы таңдалып алынған айрықша әсерлі, аса өнімді шығармалардың иесі, «Жыр Жампозы» Нұрпейіс Байғаниннің «Ақтөбе кітапханасы» сериясының II томына енген шығармаларын насихаттау жұмысын жүргізіп және ақынның өмір жолы туралы немересі Ерболат Байғаниннің жолдаған онлайн бейне сюжетін

ұсынды. Бұл бейне сюжетте Нұрпейіс Байғаниннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндалды.

Шығыстың ұлы ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетқан Сәрсембиннің бейне дәрісі, Қазақстан Журналистер одағы мен Жазушылар Одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, сазгер, аудармашы, жерлес ақын Гүлсамал Аймахкованың өлеңдерінен аудио топтамасы, ұйымдастырылды.

Ұлық ұлыс-айбынды Алтын Орданың 750 жылдығына орай Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұбаназар Асановтың «Едіге батыр» туралы тарихи деректер келтірілген ақпараты, «Ақтөбе қаласындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау орталығы» ҚБ-нің төрайымы Еңбек Ері Құралай Бәйменованың бейне үндеуі, «Халықаралық құқық қорғау орталығы Республикалық Қоғамдық Бірлестігі» Батыс Қазақстан филиалының жетекшісі, «Ақтөбе облысының медиаторлар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің басшысы Светлана Балпейісованың «Медиация және отбасы» тақырыбындағы бейне дәрісі, журналист, «Тандем» радиосының жүргізушісі Айсын Байтақовамен «Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбындағы бейне танымдық сабағы ұйымдастырылды. Ұлтымыздың, мемлекетіміздің тұтас болашағы болып саналатын ұрпақ тәрбиесіндегі ананың рөлі, болашақ аналар – қыздардың тәрбиесіне арналған бейне танымдық сағат әр аптаның жексенбі күндері тікелей эфирде өз жалғасын табуда.

«Қылқаламды жанына серік еткен» тақырыбында өткен ақтөбелік суретші, экслибрист, Қазақстанның суретшілер одағының мүшесі Марзия Жақсыгаринаның



шығармашылығының онлайн бейне көрмесі және белгілі композитор, Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Мәңгілік ән ғұмыр» атты виртуалды ән кеші ұйымдастырылды. Виртуалды ән кешіне Шәмші Қалдаяқовтың әсем әндерін облысымыздың түкпір-түкпірінен жиналған орындаушылар керемет орындап, видеоларын жолдады.

Сонымен қатар әр аптаның сенбі, жексенбі күндері кішкентай оқырмандарымыз үшін базарлық «Ертегі еліне саяхат» айдары, тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қолөнершілердің шеберлік сағаттары, «Күй – құдірет, күй – кие» атақты қазақ күйшілерінің өмірді өрнектеген зерлі күйлерінен үзінділер көрсетілуде.

Кітапхана онлайн режимге көшкен күннен бастап, қаламыздағы БАҚ өкілдерімен тығыз байланыс орнатып, нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. Кітапхананың онлайн қызметін насихаттау мақсатында телеарналарда, радиоларда онлайн кездесулер ұйымдастырылуда. Осы кезеңде кітапханада өткізілетін барлық мәдени іс-шаралар туралы хабарламаларды жаңалықтар топтамасында күнделікті «Ақтөбе» 101.4 FM және «Тандем» 104.7 FM радиоларында дыбысталуда.

Індеттің ел ішінде одан әрі таралмауы үшін үйде болған жандардың, оның ішінде кітапсүйер қауымның жағдайын жасауға біз әрқашан дайын екендігімізді білдіргіміз келеді. Кітап оқып, үйде қалыңыздар! Біз біргеміз!

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 07.05. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2020 ж., 144 бет, Алматы.